

Халқы тату, экономикасы
қуатты, саяси жүйесі
тұрақты, мәртебесі биік,
абыройы асқақ
Қазақстанның болашағы
кешегіден кемел, бүгінгіден
нұрлы екендігіне кәміл
сенемін.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

ТӘУЕЛСІЗДІК-30



ЕРЛІК – ҰРПАҚҚА
АМАНАТ

Оңтүстік астанада «Желтоқсан»
ескерткішінің іргетасы
қаланды

6

ЖЕЛТОҚСАН-35



«ЖЕЛТОҚСАН – ЕЛ
ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ
БАСТАУЫ»

7

#ЕКПЕАЛ

2021 жылғы 13 желтоқсандағы
мәлімет бойынша АЛМАТЫДА

I компонентпен
1 035 250

II компонентпен
992 878

адам вакцина салдырды

2021 жылғы 13 желтоқсандағы
мәлімет бойынша Қазақстанда

I компонентпен – **8 856 816** адам,
II компонентпен **8 290 398** адам
вакцина салдырды.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

14.12.2021

Түнде:

-1-3 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+2+4 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің
жылдамдығы:
0-5 м/с

15.12.2021

Түнде:

-2-4 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

0+2 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №152 (6128) 14 желтоқсан, сейсенбі, 2021 жыл.

ҰЛТ МЕРЕЙІН ӨСІРЕТІН ҰЛЫҚ МЕЙРАМ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Тәуелсіздіктің 30 жылдығы
қарсаңында ел азаматтарына алғыс айтты



Ақорданың Баспасөз қызметі хабарлағандай, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мемлекеттік наградалар мен сыйлықтар тапсыруға арналған салтанатты рәсімге қатысты. Президент өз сөзінде салтанатты жиынға қатысушыларды Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен құттықтап, бұл мерекенің ұлт мерейін өсіретін ұлық мейрам екенін атап өтті.

2

ТӘУЕЛСІЗДІК-30

«АЛМАТЫ – ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЛТЫН БЕСІГІ»

байқауының жеңімпаздары марапатталды



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

Мегаполис басшысы Бақытжан Сағынтаев алматылық жазушылармен кездесті. Кездесу барысында қала әкімі шығармашылық бірлестікті қолдау және дамыту мәселелерін талқылап, мерейтойлық күнге орайластырылған «Алматы – Тәуелсіздіктің алтын бесігі» байқауының жеңімпаздарын марапаттады.

3

ҚЫСҚА...

- 1 желтоқсандағы жағдай бойынша еліміздегі зейнеткерлер саны 2 млн. 233 мың болды.
- Алматыда «Желтоқсан – Ел Тәуелсіздігінің бастауы» деректі фильмінің тұсауы кесілді.
- Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында мегаполистегі «Желтоқсан» саябағында Желтоқсан ескерткішінің іргетасы қаланды.
- Елімізде арқармен будандасқан жаңа қой тұқымы пайда болды.

www.almaty-akshamy.kz



ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
261-59-11, 259-88-99 (ішкі 0318) телефондары бойынша хабарласыңыз!





ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ҰЛТ МЕРЕЙІН ӨСІРЕТІН ҰЛЫҚ МЕЙРАМ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында ел азаматтарына алғыс айтты

Біздің бүгінгі жетістігіміз – барша халқымыздың ортақ жеңісі

«Біз тарих тұрғысынан алғанда қысқа мерзім ішінде жаңа Қазақстанның негізін қаладық. Тұғыры берік, экономикасы қуатты, беделі биік мемлекетке айналдық. Мұның бәрі, ең алдымен, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көреген саясатының жемісі. Сонымен бірге, бүкіл халқымыздың ерен еңбегінің нәтижесі. Кез келген халықтың табысқа жетуі азаматтарына байланысты. Бұл – өмірдің заңы. Адам капиталы мықты мемлекет барлық қиындықты еңсере алады. Тәуелсіздік кезеңінде халқымыз елдіктің бірегей үлгісін көрсетті. «Еңбек – ырыстың бұлағы, бақыттың шырағы» деп бекер айтылмаған. Шын мәнінде, біздің бүгінгі жетістігіміз – барша халқымыздың ортақ жеңісі. Жаңа Қазақстанды өркендетуге азаматтарымыздың көбі сүбелі үлес қосты. Бүгінгі мерейлі сәтте еліміздің барша азаматтарына табанды еңбегі үшін зор алғыс айтамын», – деді Президент.

Қазақстанды көркейтуге үлес қосқан барлық азаматқа ризашылық білдіреміз

Қасым-Жомарт Тоқаев Тәуелсіздіктің 30 жылдығы көпжылдық мемлекеттілігіміздің маңызды кезеңі және заманауи Қазақстан жылнама-сындағы айтулы белес екеніне тоқталды. Оның

Соңы. Басы 1-бетте.

айтуынша, осы жылдар ішінде еліміз зор жетістіктерге қол жеткізген, күрделі сын-қатерлерді еңсереген үлкен жолдан өтті. «Ел азаматтарының басым көпшілігі өздерінің қажырлы еңбегімен қуатты әрі дамыған мемлекет құру ісіне елеулі үлес қосып келеді. Бүгін өздеріңізді марапаттай отырып, Қазақстанды көркейтуге үлес қосқан барлық азаматқа ризашылық білдіреміз. Сіздер нағыз отаншылдықтың, кәсіби білік пен адал еңбектің озық үлгісін көрсеттіңіздер. Өскелең ұрпақ өздеріңізге қарап бой түзейді. Осыдан бір жыл бұрын мен үлкен мерейтойды шусыз, даңғазасыз, ысырапсыз, нақты жұмыстармен атап өту қажеттігі туралы айттым. Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығында жаңа, ауқымды реформалар қолға алынды. Сондықтан бұл жылды нәтижелі болды деуге толық негіз бар. Біз экономиканы және әлеуметтік саланы жан-жақты жаңғыртып жатырмыз. Индетке қарамастан, мемлекет отандық бизнеске қолдау көрсетуде», – деді Мемлекет басшысы.

Біздің мақсатымыз – тиімді мемлекет және әділетті қоғам құру

Президент экономиканы және әлеуметтік саланы жаңғырту мәселесіне, соның ішінде өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының, құрылыс саласының, қаржы секторының қарқынды дамуына назар аударды. Өңірлерде ірі инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылып жатыр. Білім беру және денсаулық сақтау салаларында кешенді трансформация жалғасуда. Мемлекет

зейнетақы, жәрдемақы және еңбекақы көлемін тұрақты түрде арттырып, өзінің әлеуметтік міндеттемелерін орындауда.

– Мемлекеттік басқару жүйесінде ауқымды өзгерістер болды. Мен халықтың тұрмыс сапасын арттыруға және еліміздің бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге бағытталған 10 ұлттық жобаны бекіттім. Қоғамдық-саяси салада елеулі өзгерістер жасалуда. Мен ұсынған саяси реформалар топтамасы кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатыр. Біз Тәуелсіз Қазақстан тарихында алғаш рет ауыл әкімдерінің тікелей сайлауын өткіздік. Биыл маусым айында адам құқықтары саласындағы алдағы шаралар туралы Жарлыққа қол қойдым. Бұл құжат құқық қорғау саласын кешенді түрде жаңғыртуға бағытталған. Қоғамдық диалогты біртіндеп дамыту үшін нақты шаралар қолға алынып жатыр. Мұның бәрі азаматтарымыздың шешім қабылдау және мемлекеттік басқару ісіне белсене қатысуына жол ашады. Біздің мақсатымыз – тиімді мемлекет және әділетті қоғам құру. Бұл стратегиялық бағыт өзгермейді. Алдымызда халықтың әлауқатын одан әрі арттыру, қасиетті Тәуелсіздігімізді нығайту жөніндегі ауқымды міндеттер тұр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Парламенттің қос палатасының төрағаларына, Премьер-Министрге және Мемлекеттік хатшыға Тәуелсіздік күні қарсаңында жергілікті тұрғындармен кездесу үшін аймақтарға барып, еңбегімен ерекшеленген азаматтарға мемлекеттік наградалар табыстау жөнінде берген тапсырмасы туралы айтты.

Т.ДЕРЫСАЛИН.

МАРАПАТ

Мемлекеттік марапаттар тапсырылды

Әсел
ДАГЖАН

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында ел Президентінің Жарлығымен әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі, белсенді қоғамдық қызметі үшін бір топ азамат мемлекеттік наградалармен марапатталды. Олардың қатарында өндіріс саласы, бизнес, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және ғылым саласының белді өкілдері, спортшылар, еңбек ардагерлері, әскери қызметкерлер және құқық қорғау органдарының қызметкерлері бар.

«Қазақстанның Еңбек Ері» жоғары атағы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-гуманитарлық, денсаулық сақтау салаларын дамытудағы және өндірістік қызметтегі ерекше еңбегі үшін жазушы Ә.Әшімовке (Тарази), Нұр-Сұлтан қаласындағы «Онкологиялық орталық» МКК бас дәрігері М.Төлетасево, Шығыс Қазақстан облысының «Қазмырыш» ЖШС бас директоры А.Хмелевке берілді.

«Отан» орденімен жазушы С.Досанов, еңбек ардагері М.Жолдасбеков, ақын А.Бақтыгереева, «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев» орденімен Конституциялық Кеңес төрағасы Қ.Мәми, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарма

төрағасы А.Айдарбаев, «А.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы» АҚ басқарма төрағасы Б.Баймаханов, «Bazis Holding Company» ЖШС директорлар кеңесінің төрағасы А.Белович, жазушы Д.Исабеков, Қазақстан Православ шіркеуінің басшысы, Астана және Қазақстан Митрополиті Александр марапатталды.

«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы ғылым және мәдениет саласының 28 көрнекті өкіліне берілді. Олардың ішінде театр және кино әртістері: М.Әжібеков, Ж.Құрманбаев, Л.Крючкова, режиссер Д.Өмірбаев, өнертанушы Е.Резникова және басқалар бар.

«Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағы «Н.Тілендиев атындағы кіші өнер академиясы» облыстық дарынды балаларға арналған интернаттық мекемесі бар мамандандырылған мектеп» ММ мұғалімі Д.Төрехановаға берілді. Белгілі ғалымдардың, мәдениет қайраткерлерінің, өндірістік сала өкілдерінің еңбектері «Парасат» орденіне лайық деп танылды. Олардың арасында «М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры» РМҚК әртісі Б.Әбділманов, «Ершовское-2» ЖШС директоры С.Ағайдаров, «Мұнайгаз кешенінің ардагерлері» РҚБ бас директоры З.Алшымбаев, «Отырар кітапханасы» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Т.Жұртбай, «Ракурс» экономикалық талдау орталығының директоры О.Жандосов, Ақан сері атындағы Солтүстік Қазақстан облыстық филармониясы

камералық хорының хормейстері Ю.Колчин, «Қазақ әдебиеті» газеті редакциясының меңгерушісі Е.Жаппасұлы, «Астана» халықаралық қаржы орталығы департамент директорының орынбасары Ш.Құрманбайұлы, жазушы З.Наурызбаева, «Алтай» ЖШС директорлар кеңесінің төрағасы А.Потиченко және басқалар бар.

II дәрежелі «Достық» орденіне Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Э.Әзімова, «Kaspi.kz» АҚ басқарма төрағасы М.Ломтадзе ие болды.

«Құрмет» орденімен марапатталғандардың ішінде шахматшы Ж.Әбдімәлік, «Астана Опера» «Мемлекеттік опера және балет театры» КеАҚ бас дирижері А.Бөрібаев және өзге де азаматтар бар.

III дәрежелі «Еңбек Даңқы» ордені өндіріс, көлік, құрылыс, ауыл шаруашылығы және басқа да материалдық өндіріс салаларының 105 жұмысшысы мен еңбеккеріне берілді.

Ал Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен 553 адам марапатталды.

Әскери және қызметтік борышын үлгілі атқарғаны, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығы, елдің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін нығайтуға қосқан үлесі үшін әскери қызметшілер мен құқық қорғау органдары өкілдерінің бір тобы I және II дәрежелі «Даңқ», сондай-ақ, I, II, III дәрежелі «Айбын» ордендерімен, «Ерлігі үшін» және «Жауынгерлік ерлігі үшін» медальдарымен марапатталды.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Тәуелсіздіктің
30 жылдығы қарсаңында
130-ға жуық
алматылық азамат
мемлекеттік марапатқа
ие болды.



Президенттік
«Алтын сапа»
сыйлығын оңтүстік
астаналық

8
компания жеңіп алды.



«Желтоқсан» саябағын
жаңғырту жұмыстары
2022 жылы
тамызда аяқталады.



Креативті экономика
саласы
Алматы экономикасының
1,7%-ын
қамтып отыр.



Алматының
индустриалды аймағында
жыл соңына дейін
519
жұмыс орны ашылады.



«АЛМАТЫ – ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЛТЫН БЕСІГІ» байқауының жеңімпаздары марапатталды



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

(Басы 1-бетте)

Бүгінде еліміз бойынша Жазушылар одағының 820 мүшесі бар, ал соның 400-і Алматыда тұрады. Қала әкімі Қазақстан Жазушылар одағы шығармашылық ұйымдардың ішіндегі халыққа барынша жақын, кеңінен танымал әдебиетіміздің киелі ордасы екенін ерекше атап өтіп, ұлт руханиятының өсіп-өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан, барлық ақын-жазушылардың басын біріктірген бұл шығармашылық ұжым қазір де зор беделге ие екенін тілге тиек етті.

«Баршаңызды өздеріңіз тынбай насихаттап, бүгінгі ұрпақтың санасына талмай сіңіріп келе жатқан ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын! Осындай ұлыстың ұлы күні қарсаңында Сіздермен бас қосып отырғанымызға қуаныштымын! Қаламгер қауым, шығармашыл интеллигенция қай заманда да қоғамды алға сүйрейтін, тарихтың әділ бағасын беретін ең белсенді рухани күш, ел тіршілігінің айқын айнасы», – деді қала әкімі Бақытжан Сағынтаев.

Алматы қаласының әкімдігі атынан ақын-жазушыларға үлкен

қолдау көрсетіліп келеді. Қара шаңырақ – Жазушылар одағының ғимаратына жөндеу жұмыстары жүргізілді, әкімнің жеке тапсырмасы бойынша өткен жылы 30 автордың жұмысын басып шығару үшін қаржы бөлінді. Жас жазушылардың да, қазақ әдебиеті классиктерінің де еңбегі қолдау тапты. Ағымдағы жылы жүзден астам танымал сөз шеберлері мен жас авторлардың кітаптары жарық көрді. Кітаптардың тұсаукесері қала кітапханаларында өтеді.

Ал бүгін қаламгерлер үшін жағымды жаңалықтардың бірі – Алматы қаласында тұратын ақын-жазушылардың грант сертификаттарымен марапатталуы еді. Биыл да сол игі дәстүр жалғасын тауып, бірқатар ақын-жазушы арнайы грант иегері атанды.

Одан бөлек, қала әкімдігі тарапынан Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Жазушылар одағымен бірлесе отырып, «Алматы – Тәуелсіздіктің алтын бесігі» атты әдеби байқау жарияланған еді. Байқаудың мақсаты – Тәуелсіздігімізді дәріптеу, ұлы өзгерістердің куәгері, елдігіміздің бастауы болған Алматының бүгінгі болмысын көрсету болатын. Бұл игі шараға аға буынмен қатар жас қа-

ламгерлер де қатысты. Аталған байқауда ақын-жазушылар 4 әдеби жанр бойынша (поэзия, проза, балалар әдебиеті, драматургия) бақ сынады.

Қабылданған жұмыстар арасынан Асхат Өмірбаевтың «Әке, елге қайтайықшы!» әңгімесі, Тұрысбек Сәукетаевтың «Көкшулан» новелласы, Думан Рамазаннның «Үкім» тарихи драмасы, Патигүл Махсатованың қазақ тіліндегі өлеңдер топтамасы жеңімпаз болып танылды.

«Жазушылар қауымдастығын қолдау жалғасады. Сіздер тарихи оқиғалардың шынайы куәсі ретінде оларды жүректен өткізіп, оқырманға жеткізесіздер. Тәуелсіздіктің мерейтойлы жылында сіздерге зор денсаулық пен шабыт тілеймін!», – деді Б.Сағынтаев кездесу соңында.

Кездесу барысында Бақытжан Сағынтаев коронавирус бойынша күрделі санитарлық-эпидемиологиялық ахуалды да еске салды. Дерт деңгейінің төмендеуіне қарамастан, әлемде жаңа «омикрон» штамы таралуда. Оның Қазақстанға енуі әбден мүмкін. Сондықтан қала әкімі барлық алматылықтарды өз денсаулығын сақтауға және дәрігерлердің халықты вакциналау, енді ревакциналау жөніндегі күш-жігерлерін қолдауға шақырды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Тұрысбек СӘУКЕТАЕВ,
жазушы, аудармашы:

БАРЛЫҒЫ – ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АРҚАСЫ

Қазақстан Тәуелсіздігі жайлы айтқанда Алматы ойға еріксіз оралады. Бүгінгі шара барысында 30 жылда қаламыздың экономикасы, әлеуметтік мәселелері бойынша көптеген мәліметтер алдық. Әсіресе, экологияға қатысты, ауаның лас-тануы, оның сапасын жақсарту бойынша қолға алынған шаралардан хабардар болдық. Адамға қажетті бар жағдай жасалғанына, ауызсу мен жол мәселелері шешіліп жатқанына қуаныштымыз. Әкімдіктің игілікті істеріне құрметпен қараймыз. Әкімдік тек әлеуметтік мәселелерге ғана емес, руханият жағдайына да аса көңіл бөліп жүр. 2-3 жылдан бері гранттар беріліп, міне, бүгін Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай озық шығармалардың байқауы өткізілді. Мұның барлығы бізге, жазушыларға жасалып жатқан қамқорлық деп білеміз. Ал оған жол ашып отырған – қасиетті Тәуелсіздігіміздің арқасы.

Патигүл МАХСАТОВА,
ақын:

ТАТУЛЫҒЫМЫЗ МӘҢГІЛІК БОЛСЫН!

Бүгін біз қасиетті күні Алматы қаласының әкімімен кездесуге келдік. Бұл жиын Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орайластыра ұйымдастырылған. Барша қаламгерлер қауымы қала әкімшілігіне өз ризашылығымызды білдіреміз, себебі осы мерейлі күнге орай барлығымызды қолдап, біздің шығармаларымыздың жарық көруіне мүмкіндік жасап, одан қалды бәйге ұйымдастырып, үздіктердің арасынан жеңімпаз аталып отырғаныма өте қуаныштымын. Бір шаңырақ астында Қазақстанда тұрып жатқан 130-дан астам ұлт өкілдері бір-бірімізбен достықта, тату-тәтті өмір сүріп, Тәуелсіздіктің даңқты жырын келешек ұрпаққа жырлап, жақсысын айтып келе жатқанымызға 30 жыл толды. Енді бұдан кейін де солай болады деп ойлаймын. Қазақ ұлты мен өзге ұлтының арасындағы ынтымақтастық мызғымасын деп тілеймін. Еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын! Қазақстанның Көк Байрағы көк аспанда желбірей берсін, қазақ қаламгерлері әдебиетіміздің гүлденуі жолында аянбай еңбек ете бермек.

Дәурен ҚУАТ,
«Қазақ әдебиеті» газетінің Бас редакторы:

АЗАТ ЕЛДІҢ АЗАТ ҰРПАҚТАРЫ

Мен Тәуелсіздік алғанда 17-18 жастағы жігіт болғанмын. Еңбек жолымды Қапал аудандық газетінен бастаған болатынмын. Негізі, мына, тәуелсіздікке деген халықтың рухы мен сана-сезімі оянып, еркіндікке дайын болмаса, оның шынайы, нағыз мән-мағынасы болмайды. Азаттыққа деген құлшыныс 80-жылдардан бастау алып, 90-жылдары өзінің шыңғау шегіне жетті. Нәтижесінде 1991 жылы 16 желтоқсанда Тәуелсіздігіміз жарияланды. Осы арада Қазақстан егемендігін ең соңғы жариялады деген сыни көзқарас әлі күнге бар. Оның өзіндік мәні болған. Бізде жалпы қазақ халқының саны 40% ғана болды, басқалар, әскерилер мен сырттан келіп жұмыс жасайтындар көп болды. Біздегі қоғам ұлттар зертханасына айналып кеткендіктен, сол кездегі ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ақырғы сәтті күтіп отырды. Ресейдің өзі коммунистік биліктен бас тартып, демократиялық-капиталистік ел боламыз дегенде ғана нақты шешім қабылданды. Қазір үлес салмағымыз 60-70%-ға жетті. Ақырын-ақырын осы сарынмен алға келе жатырмыз. Тәуелсіздік деген бір ұлтқа ерекше үстемдік беру емес, бізде тұрып жатқан бар халықтың ортақ үйіне айналуы білдіреді. Әрине, бірінші, Тәуелсіздік – қазақ халқының егемендігі. Еліміз оның игілігін әлі де көре жатар. Біз 30 жыл ішінде көптеген жетістіктерге жеттік. Қазір тәуелсіздіктің құрдастары – жас жігіт пен қыздар аяғынан тұрып, отбасылы болып, ұрпақ өсіріп отыр. Ал олардың ұрпақтары егемендіктің тәтті жемісінің дәмін татып жатыр. Шет елде білім алып, стартап жобаларды бастауда, өз кәсібін дөңгелетуде. Азаттық бізге азат адамдарды қалыптастырып беруде.

Любовь ШАШКОВА,
«Простор» журналы Бас редакторының орынбасары:

АЛМАТЫ МЫҢ БОЯУҒА БОЯЛДЫ...

Бақытжан Сағынтаев мырза басшылыққа келгеннен бастап, әкімдік Жазушылар одағына оң қабақ таныта бастады. Мереке алдында гранттар мен сертификаттар алу дәстүрге айналууда. Әрине, мұндай қолдау жүрекке жылы тиіп, әсіресе, аға буын жазушылар үшін ерекше орын алады. Сол арқылы олар әлі де қалаға керек екендерін ұмытпай, ортақ мүддеге қолғабыс бола алатындарын сезіне түседі. Сүйікті қаламыз күннен-күнге өзгеруде, жақында жаңа метро станциялары ашылды. Коронавирус аразамызды алшақтатқанымен, қаламыздың даму жолы бізді жақындата түседі. Біздің қала түрлі түске боялған қасбеттер мен жасыл желектердің арқасында мың бояуға боялды. Мұның барлығы кез келген адамға жылылық сыйлайды. Шығармашылық адамдарына шабыт сыйлайды. Осындай оң өзгерістер алдағы жылдарда да қалыс қалмаса дейміз. 30 жылда жеткен жетістігіміз жалғаса берсін.

Бетті әзірлегендер Динара МҰРАТ,
Кұралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



Алматы қаласының әкімі
Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

Ұрпағымыз бойын, азаматтарымыз

Алматы – егемен еліміздің негізі қаланған, мемлекетіміз бен ұлтымыз үшін мәртебесі жоғары бірнеше маңызды саяси құжаттар қабылданған асқақ та мәртебелі қала. Алтайдан Атырауға, Жетісудан Сарыарқаға дейін созылып жатқан Ұлы Дала еліне «Біз – егемен елміз!» деп ең алғаш сүйіншілей қуанған да Алматы.

Міне, осынау Ұлт Тәуелсіздігінің Көк Байрағы тұңғыш желбіреген қаланың төрінде, яғни Республика сарайында күні кеше «Алматы – Тәуелсіздіктің алтын бесігі» атты дүбірлі кеш болып өтті. Сән-салтанаты келіскен айтулы шарада мегаполис басшысы Бақытжан Сағынтаев сөз сөйлеп, алматылықтарды мерейлі мерекемен құттықтады.

Мемлекетіміз үшін айшықты күн!

«Алдымызда келе жатқан бұл мерейлі мереке – Тонық көк баба заманынан аманат болған «Мәңгілік Ел» мұратына нық қадам басып, табанды өркендеу бағытын берік ұстанған, тамырын тереңнен тартқан Ұлы Дала төсіндегі қазақ елінің бай тарихындағы ең басты оқиға болды. Ал қазақ – ұлан-ғайыр жері бар, тамылжыған табиғаты бар, ұлы бабаларымыздың ат тұяғымен жазған тарлан тарихы мен ұрпағы алысқа нық көз тіккен, баянды болашағы бар халық. Сондықтан қазіргі таңда ХХІ ғасырдағы жас Қазақ Елінің Ұлттық идеясы – Тәуелсіздік тірегіне айналған еркін дамудың жалпыұлттық идеясымен үндесіп отыр. Олай болса, «Мәңгілік Ел» мұратына нық қадам басып, табанды өркендеу бағытын берік ұстанған, үмітін үкілеп, болашағына сеніммен қараған барша Алматы қаласы жұртышылығын – ұлт Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!», – деді қала әкімі.

Б.Сағынтаев бүгінгі олжа салып отырған 30 жылымыз – заманауи қазақ тарихының жарқын да жасампаз беттері қалыптасқан, ұлттық рухымыз асқақтап, ұрпақтар сабақтастығы өрісін жайып, рухани өрлеу жылдары болғанын атап өтті. Сондықтан да алматылықтар алда келе жатқан Тәуелсіздік күні мерекесін ерекше асқақ сезіммен қарсы алып отырғанын тілге тиек етті.

«Қазақ – Ұлт Тәуелсіздігіне қол жеткізу жолында талай «тар жол, тайғақ кешуді» басынан өткізген, аттан құласа да, тактан құламаған, ұлтарақтай жер үшін жауымен жаға жыртысқан, сертіне адал, киесі мол, небір баһадүр батырлар мен берен билер шыққан текті халық. Бұл – тарихи шындық. Ал бүгінде сол Қазақ елі кешегі төрде отырып әділ төрелік айтқан данышпан Төле би баба тебірене айтқандай, «көсіле шабар жері бар, қол боларлық елі бар» киелі мекенге айналды. Осылайша бабалар салған сара жол үкілі арман отын жаққан бүгінгі Тәуелсіз ел болу бақытына ұласты», – деді Б.Сағынтаев.

Иә, бұл күн – пейілі даладай дархан, бірлігі болаттай берік, тамыры терең, қазығы қайтпас, зеңгір көкке Көк Туын көтерген шабысы тұлпардай алып халқымыздың мерейлі күні. Бұл күн – халқымыз үшін елеулі, мемлекетіміз үшін айшықты күн! Бұл күн – ұрпағымыз бойын, азаматтарымыз ойын түзейтін жасампаз күн.

Ұлт Тәуелсіздігі – бар қазақтың кие қонған Тәңіртауы

«Қазіргі таңда қыспақтың қараңғысынан жарыққа



жарқырап шыққандай болған жас Қазақ елі – төртеуі түгел, алтауы аман, бары берекелі, ырысы қуатты ел болып төрткүл дүние дидарында дараланып отыр. Қажет болса, сайын даланың сәйгүлігіндей болған Қазақстан жаһандық даму көшіне ілесе шапқан елдер қатарынан суырыла алға шығып, көш тізгінін ұстаған көркемдер санатына бет алды. Өйткені, Ұлт Тәуелсіздігі – бар қазақтың кие қонған Тәңіртауы, шыңына көз жетпес ақбас Алатауы, қиналған қазаққа пана болған қарт Қаратауы сияқты. Ал Ұлт Тәуелсіздігі осы 30 жылда ұлт пен ұрпақтың санасына ұлы өзгерістер мен тың серпін, іргелі сілкіністер әкелгені тарихи шындық! Бүгінде төрткүл дүниеде бейбіт күнді жақтаған Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің пікірімен санаспайтын, бағалы бастамасына құлақ түрмейтін, ортаға салған ордалы ойымен келіспейтін ел жоқ деп санауға болады. Осындай елеулі істе және Ұлт Тәуелсіздігін нығайту мақсатында өткенімізді саралап, кешегімізге қарап, ертеңімізге көз тастаған Елбасы, Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еңбегі айрықша құрметке ие», – деп атап өтті қала басшысы.

Иә, дәуір саясатының дарабозы – Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі – Мәңгілік Елдің ұлы тарихымен сабақтас, қазақ халқының тағдырымен тамырлас» деген қанатты сөзі бүгінде барша отандасымыз үшін тыныш күннің, бейбіт заманның бағдаршамына айналғандай.

Ал Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев халыққа арнаған күні кешегі Жолдауында «Қазір бізге Тәуелсіздіктің жетістіктерін еселеп, елімізді дамудың жаңа сапалы кезеңіне шығару мүмкіндігі беріліп отыр» деп, алдағы дамуымызға жол ашып отыр.

Алматы – еліміздің құт-берекесі

Бақытжан Әбдірұлы Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейлі тойы құрметіне арналған салтанатты алқалы жиын-

да біз басып өткен 30 жылдың ішінде ару Алматының Ұлт Тәуелсіздігі жолындағы орны мен маңызына тоқталды. Ол заңды да. Өйткені, сол тұста еліміздің жүрегі болған Алматы қаласында, 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Республикасының егеменді ел екендігі ресми түрде жарияланған болатын.

Алмасымен аты шыққан, руханият пен мәдениеттің бесігі болған әсем астананың төрінде «Мемлекеттің егемендігі туралы Декларация», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңы, еліміздің Конституциясы, Мемлекеттік рәміздерді бекіту, Қарулы Күштерді құру, Ұлттық валютаны енгізу сияқты мәні жоғары шешімдер қабылданғанына тарих куә.

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің жалпыхалықтық сайлауының қорытынды нәтижесі де дүние жүзіне Алматыдан тараған болатын.

Дәл осы Республика сарайында осыдан 30 жыл бұрын еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 1991 жылғы 10 желтоқсанда ант қабылдаған. Сонымен қатар, 1998 жылы Елбасы қол қойған «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Заң да шаһардың мәртебесін асқақтата түседі. Ал Арқаға бет түзеген алғашқы ұлы көш те осы асқақ Алатау баурайынан басталғанын ұмытқанымыз жоқ.

Бүгінгі ерке Есілдің жағасына қоныс тепкен жаңа астанамыз Нұр-Сұлтан қаласы – еліміздің бағы болса, заманауи мегаполис деңгейіне көтерілген Алматы – құт-берекесі десек, қателеспеспіз. Сондықтан қазақстандықтардың Елордасымен мақтанып, Алматысымен марқайып жүретіні жарасымды-ақ.

«Тәуелсіздік туралы сөз болған тұста біз 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасын айналып өте алмаймыз. Осы орайда, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «1986 жылы өрімдей ұл-қыздарымыз Кеңес Одағының қаһарынан қаймықпай, ұлт намысы үшін алаңға шықты.





ОЙЫН ТҮЗЕЙТІН ЖАСАМПАЗ КҮН



Осы күннен соң тура бес жыл өткенде Тәуелсіздігімізді жариялауымыздың символдық мәні зор» деп атап өткенін жақсы білеміз. Сол азаттықтың алғашқы қарлығаштары – Желтоқсан қаһармандары да бүгін ортамызда отыр. Ал Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің жақын күнде жариялаған «Тәуелсіздік тағылымы» деген тарихи мақаласында «Осыдан отыз жыл бұрын біз саналы түрде, өз дүниетанымымыз бен болмысымыздың негізі ретінде бостандық пен азаттыққа таңдау жасадық» деген болатын.

Алматы қаласы Тәуелсіздіктің ұлы бастаулары мен жаңа құндылықтарын алтын бесігінде аялап, алақанында тербеді. Осының барлығы Алматы халқының ержүрек, тәуекелшілдігінен және Алатаудың шырқау биік шыңдарына қарап өмір сүргендіктен шығар! Бүгінде экономикасы нығайған, өндірісі өркендеген, руханияты өрлеген, кәсіпкерлігі дами түскен, ғылымы қанат қаққан, жастардың қаласы – Алматының Ұлт Тәуелсіздігі тұғырын нығайту жолында еңбек ете берері сөзсіз», – деді қала әкімі өз сөзінде. Сондай-ақ, Б.Сағынтаев осындай ұлы істерді жүзеге асыруда барша қазақстандықтар сияқты алматылықтардың да үлесі үлкен екендігін атап өтті.

Тереземізді теңестірген Тәуелсіздік

«Дөңгелеген дүние тек қана зымыраған уақытқа ғана тәуелді екен. Ал дария уақыт, дархан мезгіл арайлап атқан Азаттықтың ақ таңымен қазақ халқына өлшеусіз қызмет етуде. Міне, сондықтан да бізге қашан да қуат беретін, алға жетелейтін біздің ең басты құндылығымыз – ол Отанымыз, Тәуелсіз Қазақстан екеніне ешкім күмән келтірмесі анық. Ал осы 30 жылда Тәуелсіздік бізге не берді десек – Тәуелсіздік ойға еркіндік берді. Тәуелсіздік – езілген еңсені тіктеуге мүмкіндік берді. Тәуелсіздік – өзге елдермен тереземізді теңестірді. Тәуелсіздік – дербес даму жолымызды өз қолымызға ұстатты. Өйткені, осы асулардан алқынбаған Ұлт Тәуелсіздігі – тұтас ұлтқа қанат бітіріп, еркін елдің қарышты қа-



дамын ашып, жазира көңілін көкке көтеріп, жарқын да жасампаз болашығына даңғыл жол ашты. Олай болса, біз келешекте білімі терең, парасаты мол, рухани бай, мемлекет басқару ісіне жетік, өндірісті жандандыра алатын, патриоттық рухтағы жастарымызды тәрбиелеуіміз қажет», – деді Бақытжан Әбдірұлы.

Ал Отан үшін, ел үшін жанын пидә ете алатын ұрпақ тәрбиелей алсақ, Қазақстанның келешегі мен тағдырына алаңдауға еш негіз жоқ. Тәуелсіздікті баянды ету – ең басты мұратымыз.

Ұлағатты жастарға аманат

«Бүгінде ата-бабадан мирас болған байтақ өлкеде орын тепкен Қазақстан Республикасы ежелден аманат болған ұлы істердің, қасиетті тілдің, ұлағатты салт-дәстүрдің, іргелі мемлекеттің заңды мұрагері болып саналады.

Сондықтан бабаларымыз тірі болу үшін – бір болса, біз ірі болу үшін – бір болуымыз керек екендігін ешқашан естен шығармайық. Өйткені, Тәуелсіздікке дейін біз кешпеген тайғақ, біз өтпеген соқпақ жоқ. Ендігі жердегі тірлігіміз оң, жолымыз түзу болғай. Түзу жолда көшіміз көлікті, басымыз ерікті, мақсатымыз табысты болсын. Тәуелсіздіктің қайнар бұлағы сарқылмасын, ұлтымыздың жсігері мұқалмасын, ынтымақ пен бірліктің қанаты қайырылмасын, шыбықтай иілген жас ұрпақ ата-баба жазаып кеткен оттың алауын сөндірмесін. Осындай ұлтымыздың ұлы құндылықтары мен бай мұраларын ертеңгі ел иесі болар жастарымыз осыны жадында сақтаса деймін. Өйткені, ата-баба аманатын орындау – сол жалынды жастарымыздың шығына түсер аса үлкен жауапты жүк. Кешегі Алаш арыстары армандаған азаттық таңы ұрпағына шұғылалы шуағын шаша берсін. Біздің ұлы міндетіміз – бүгінгі қоғам мен жастарға осы ұлт пен халық алдындағы ұлы жауапкершілігін кеңінен насихаттаумен ерекшеленбек», – деді шаһар басшысы.

Бақытжан Сағынтаев салтанатты кеште сөйлеген сөзінде аға буын ардагер ағаларымыздың кешегі қан майданда қол бастап елін қорғаса, бүгінгі бейбіт күнде жол бастап, егемен елін көркейтуге зор үлес қосып келе жатқанын тілге тиек етіп, сол үшін де оларға әрдайым рахмет айтудан жалықпайтынымызды жеткізіп, ілтипатын білдірді. Сондай-ақ, баянды бірлік пен татулықтың тірегіне айналған түрлі этнос өкілдеріне де алғыс айтты.

«Осының барлығы бүгінгі «Мәңгілік Ел» қақпасынан аттаған егемен еліміз үшін сынаптай сырғыған қас-қағым сәт, мемлекет болып қалыптасудың ордалы отыз шыңы, көз тастар отыз белесі ғана. Бүгінде желмен жарысқан, құстан жүйрік ордалы 30 жылдың осылайша таң шапағы мен күн шуағының ғажайып кереметін патша көңіл киелі халқы мен маңдайына үкі таққан ұлағатты ұрпағы төсіне басты. Ал қызыл сөздің қырманын күнде қуырып, күбісін күнде сапыра бергеннен ешкім мол қазына мен ырыс-дәулетті, берекелі бірлік пен орасан игілікті сырттан әкеп бермейді. Оны түсінген, білген абзал. Ал Ұлт Тәуелсіздігін көздің қарашығындай сақтау әрбір қандасымыздың парызы, жас желкен жастарымыздың міндеті деп санаймын. Өйткені, Тәуелсіздік – ұлтымен қадірлі, ұрпағымен мәртебелі», – деп сөзін қорытындылады Бақытжан Сағынтаев.

Алматы қаласының жұртшылығын ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейлі мерекесімен құттықтап, Ұлттық саясаттың нұрлы нәрімен жігерленген, ынтымағы мен достығы жарасқан, еліміздің бағын асыратын, мерейін тасытатын ұлы істерге сәттілік тіледі.

Дайындаған Нұржамал ӘЛІШЕВА.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бақытқамал НАРЫЗЫМБЕТОВА, Туризм сарапшысы, ЮНЕСКО-ның материалдық емес мұра жөніндегі ұлттық комиссиясының мүшесі:

– Алматы Тәуелсіздіктің алтын бесігіне айналғаны – біз үшін зор қуаныш. Дәл осы жерде ТМД декларациясына қол қойылды, барлық негізгі құжаттар, БҰҰ-ға кіру, Мемлекеттік рәміздер қабылданды. Менің ойымша, бақыт бізге дәл осы жылдары келді. Бізге қажеттісі – тек жұмыс істеп, өз Отанымызды сүю ғана дер едім. Мен барша қазақстандықтарды Тәуелсіздік күнімен құттықтап, толайым табыс тілеймін. Тәуелсіздіктің арқасында Қазақстан бүкіл әлемге танымал болды. Сол үшін біз ата-бабаларымыз негізін қалаған тарихқа лайықты болуымыз керек. Мен осынау іс-шараға шақыруды қуана қабылдадым. Қаламыздың шығармашылық өмірінің онымен бірге дамып келе жатқанына куә болып отырмын.

Георгий КАН, Алматы корей ұлттық орталығы төрағасының орынбасары, тарих ғылымының докторы, профессор:

– Тәуелсіздік күнін кез келген мемлекет пен халық өз тарихындағы үлкен мереке деп санайды. Біз көпжылдық тарихымыз да тәуелсіздігіміздің қандай қиындықпен келгенін білеміз. Сондықтан біз бұл мерекені зор жылулықпен, асқан патриотизммен атап өтудеміз. Осынау 30 жыл ішінде біздің еліміз әлемде лайықты орынға ие болып, мемлекет ретінде орнықты. Мереке аясында алматылықтар керемет концертті тамашалап, онда Алматының тарихи және саяси оқиғалардың орталығы болғаны туралы мұрағаттық кадрлар көрсетілді. Бізге тәуелсіздіктің алғашқы қадамы туралы еске салды.

Гүлнара ӘЗІЗОВА, Алматы қаласының балалар мен жасөспірімдерге арналған оңалту орталығының педагог-тәрбиешісі:

– Мен көп жылдар бойы білім беру жүйесінде жұмыс істеп келемін. Қазіргі таңда біздің елімізде ерекше балаларға көп көңіл бөлініп жатқанын айтқым келеді. Бұл қадам – біздің елімізде, Алматыда мұндай балалардың да қоғамнан тыс қалмайтынын көрсетсе керек. Алматы – менің туған қалам. Сүйікті қаламызға көркейіп, гүлдену, ал оның барлық тұрғындарына бейбіт өмір, ашық аспан тілеймін. Бүгінгі өнер көрсеткен біздің әртістеріміз Алматының мәдени астана екенін тағы да дәлелдеді. Барлық көрермендер концерттен ерекше ләззат алды.

Бақыт ЕРМЕКОВА, Алматы қаласының тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған №2 мамандандырылған түзету мектеп-интернатының директоры:

– 1988 жылдан бері білім саласында еңбек етіп келемін. Бұрын тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар білімнен аз қамтылып, көбіне үйлерінде болды. Еліміз тәуелсіздік алғалы елімізде мұндай балалар үшін барлық жағдай жасалуда деп айта аламын. Біздің мектепте балалар тек оқып қана қоймай, спортпен де айналысады. Біздің балаларды Қазақстан футбол федерациясы қолдап келеді. Сонымен қатар, балаларымыз салауатты өмір салтын қалыптастырып, жүзумен де айналысады. Бұл ретте бізге жергілікті атқарушы органдар қолдау көрсететінін баса айтқым келеді. Осындай қолдаудың арқасында балалар өздерін ешкімнен кем, мүмкіндігі шектеулі деп санамайды.

Дайындаған Рая ЕСКЕНДІР.



ЕРЛІК – ҰРПАҚҚА АМАНАТ

Оңтүстік астанада «Желтоқсан» ескерткішінің іргетасы қаланды

Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында Алматының Түркісіб ауданындағы «Желтоқсан» саябағында Желтоқсан оқиғасының құрбандарына арналған ескерткіштің іргетасы қаланды. Іс-шараға Желтоқсан бірлестіктерінің өкілдері, қоғам қайраткерлері, ақындар, жазушылар және Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров қатысты.



Айнұр
СЕНБАЕВА

Салтанатты шарада сөз сөйлеген Ержан Жалбақұлы атап өткендей, тура бір жыл бұрын осы «Желтоқсан» саябағы ашылған еді. Биыл Желтоқсан оқиғасының 35 жылдығына орай саябақта болашақ монументтің іргетасы қаланып отыр.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың Тәуелсіздік жайлы айтқан сөзін тілге тиек етті. Елбасы атап өткендей, жастардың тәуелсіздік жолында жасаған ерлігі ұмытылмауы керек. 30 жыл бұрын халық бостандық пен тәуелсіздікті таңдады. Ел Президенті Қ.Тоқаев желтоқ-



саншылардың ерліктерін дәріптеу қажеттігі туралы мәлімдеді.

«Тәуелсіздіктің 30 жылдығын мереке-леуге дайындықты бір жыл бұрын бастаған едік. «Желтоқсан» саябағының орны мен атауы желтоқсан бірлестіктерінің өкілдерімен ақылдаса отырып анықтал-

ды. Алматы қаласының әкімі Б.Сағынтаев монументті орнату туралы тиісті шешім қабылдады. Бұл күн – біздің қаламыздың тарихындағы ең маңызды оқиғалардың бірі», – деді мегаполис әкімінің орынбасары.

Ержан Бабақұмаровтың айтуынша,

саябақтың ашылуы, ескерткіштің орнатылуы – Желтоқсан батырларына құрмет қана емес, олардың ерліктерін ұрпақтың жадында мәңгі сақтау, болашақ ұрпаққа аманат ету.

«Қаладағы ірі бақтардың бірі «Желтоқсан» саябағына қазірдің өзінде келушілердің қарасы көп. Бүгінде саябақты абаттандыру жұмыстары жалғасуда. Бұрын бұл жер қараусыз, күтімсіз қалған бос орын болатын, ал енді қала тұрғындары жаңа қоғамдық кеңістікті аралай отырып, халқымыздың тарихымен таныса алады», – деді Е.Бабақұмаров.

Сондай-ақ, мегаполис әкімінің орынбасары жиналған қауымды келе жатқан Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

Қазіргі уақытта «Желтоқсан» ескерткішінің эскизін әзірлеуге конкурс жарияланды. Дәл осы күні «Желтоқсан» саябағында ашық аспан астындағы мұражай да ашылды. Экспозицияларда Желтоқсан оқиғасының кейіпкерлері, тарихи құжаттар, 1986 жылғы көтеріліске қатысушылар туралы баяндайтын фотоматериалдар ұсынылған.

Шара барысында «Желтоқсан» саябағының аумағына ағаштар отырғызылды. Болашақта бұл аумақты көгалдандыру жоспарланып отыр. Жиын соңында Желтоқсан оқиғасына қатысқандардың құрметіне эстрада жұлдыздары патриоттық әндер орындады.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТ,
Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы:

КЕҢЕСТІК РЕЖИМДІ ҚҰЛАТҚАН ТАРИХИ ОҚИҒА

Желтоқсаншыларға арналған ескерткіштің іргетасының қалануы Алматы әкімдігінің Желтоқсан оқиғасын мәңгі есте қалдыру жөніндегі жұмысының қисынды жалғасы болды. 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі – кеңестік режимді құлатқан тарихи оқиға. Өкінішке қарай, тоталитарлық жүйе алаңға шыққан жас жігіттер мен қыздардың тағдырын бұзды. Желтоқсан көтерілісі Қазақстан тарихында ерлік және сонымен бірге қайғылы оқиға болып қала береді. Сондықтан бүгінгі тастың қалануы және болашақта ескерткіштің ашылуы өскелең ұрпақты тәрбиелеу үшін ерекше маңызға ие және желтоқсаншылардың ерлігіне құрмет болады.

Аманғазы КӘРІПЖАН,
ақын:

ЖЕЛТОҚСАНШЫЛАР – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖАРШЫЛАРЫ

Желтоқсан оқиғасын еске алу, сол бір тарихи оқиғаға қатысқан боздақтарға құрмет көрсету – азаттықты ұлықтау деп білемін. Желтоқсанды өзге түгіл, өзіміз әлі толық танып бола алмай жатырмыз. Желтоқсан бағаланбаса, желтоқсаншы да бағаланбайды. Тарихта өз бағасын алмаған оқиғаның шындығы да өз арнасын таппай, жұмбақ күйде құмға сіңеді. Жас ұрпақ тәуелсіздікке қалай жеткенімізді, кешегі өрімдей жастардың егеменді ел болуымызға қанымен, жанымен үлес қосқанын білуге тиіс. Алматыда желтоқсаншыларға арналған саябақтың ашылуы, онда боздақтарға арналған ескерткіштің орнатылуы – қуанарлық жайт. Өйткені, желтоқсаншылар – тәуелсіздіктің жаршылары. Уақыт өткен сайын Желтоқсан оқиғасының ақиқаты ашыла береді деп сенемін.



ЖЕЛТОҚСАН – ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ БАСТАУЫ

Әбдірашит БӘКІРҰЛЫ,
философ-публицист:АЛҒАШҚЫ
ҚАРЛЫҒАШ

Соңғы кездері Желтоқсан туралы фильм жарыққа шыққан жоқ. Бұл – алғашқы қарлығаш. Бұл фильмді «Алматы» телеарнасының қолға алғанына өте қуаныштымын. Өйткені, Желтоқсан оқиғасы да Алматыда басталды. Сондықтан біріншіден, бұл фильмнің заңды мұрагері «Алматы» телеарнасы деп санаймын. Екіншіден, фильм алғаш рет түсіріліп тұрғандықтан, үлкен панорамдық тұрғыдан кино түсіру мүмкін емес. Бұрын түсірілген туындылардың бәрі қысқаметражды, үзік-үзік фильмдер болды. Сондықтан фильм әуел бастан үлкен мақсатта түсірілгені көрініп тұр.

Фильмнің идеясы дұрыс құрылған. Қазақ халқының ұлттық болмысын өте жақсы бейнелеген. Негізі, қазақ – ар-намысты бірінші алға қоятын халық. Сондықтан 1986 жылғы оқиға қазақ халқының ар-намысының квинтэссенциясы. Бұл – шегіне жетіп төгілген көрінісі. 1986 жылғы оқиғаға қарап отырып, қазақтың болмысы мен ар-намысы қандай деген сұраққа жауап алуға болады. Осы идея желтоқсаншылардың өз аузынан айтылған сөздер арқылы тиянақты етіп жеткізілген. Желтоқсан оқиғасына қатысқан адамдардан сұрасаңыз, бәрі «Алаңға бізді ар-намыс жетелеп алып барды» деп айтады.

Екіншіден, фильмде Желтоқсан оқиғасы және Тәуелсіздік идеясы өте бірлікте қарастырылған. Бізге Тәуелсіздік жайдан-жай келген жоқ. Жалпы, қазақта «Бекер келген дүниенің құны болмайды» деп айтады ғой. Бұл фильм келер ұрпақтың өз еліне деген патриоттық сезімін тәрбиелейтін бірден-бір құрал, қоғамдық құндылық болмақ.

Бұл фильм жалғасын табады деп ойлаймын. Басқа форматтарда фильм түсірілсе де, осы киноны көріп, ары қарай алға қадам басатын болады. Сондықтан бұл фильм – алғашқы үлгі және сонысымен де құнды.

Үшіншіден, Желтоқсан оқиғасына қатысқандар бүгінгі таңда ардагерлер санатына қосылып келе жатыр. Негізі, ардагерсіз қоғам болмайды. Сондықтан желтоқсаншылар ардагер ретінде ұлттық тәрбиеге енді арласа бастайды. Соған байланысты біз ардагерлерді дайындауымыз керек. Себебі, олардың бәрі сөзге шешен емес, сөзін бірден жинақтап айтатын қабілет адам баласының бәріне бірдей берілмейді. Бұл фильм арқылы біз ардагерлік функцияны атқаруды әлдеқайда жеңілдетеміз.

«ЖЕЛТОҚСАН –
ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ
БАСТАУЫ»Динара
МҰРАТ

Деректі фильм 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысушы – белсенділердің тағдыры мен Алматының тәуелсіздік жолындағы күрестегі маңызы туралы баяндайды. Көрерменге бірегей архивтік кадрлар, қызықты адамдармен эксклюзивті сұхбаттар ұсынылған, елдің саяси жаңару процесі қарапайым әрі түсінікті тілде сипатталған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «1986 жылы Қазақ халқының ұлдары мен қыздары Кеңес өкіметінің қаһарынан қорықпай, ұлт намысын қорғау үшін көшеге шықты. 5 жылдан кейін біздің Тәуелсіздігіміз жарияланды. Біз Желтоқсан батырларының ерлігі мен қаһармандығын лайықты бағалап, жан-жақты дәріптеуіміз керек», – деген болатын.

«Желтоқсан – Ел Тәуелсіздігінің бастауы» деректі фильмінде күрделі тарихи кезеңге объективті баға беріліп, ұлы мақсат –

Тәуелсіздікке жетудің күрделі жолы туралы баяндалады. Ерік бостандығын жақтаған жастар рухы осы көтерілісін басқан тоталитарлық жүйенің қабырғасына тап болды.


«Фильм өте жақсы түсірілген, шын мәнінде деректі болып шықты. Мұрағаттық құжаттар, хроника, Желтоқсан оқиғасының куәгерлері мен қатысушылардың әңгімелері пайдаланылды. Алматы әкімдігінің қолдауымен желтоқсаншылардың тарихы мен ролін объективті бағалау үшін тағы бір маңызды қадам жасалды», – деді Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары Мереке Құлкенов.

Фильмнің тұсаукесер көрсетіліміне Желтоқсан ұйымының өкілдері шақырылды. Олардың қатарында Нұрлыбек Қуанбаев, Гүлбаһрам Жүніс, Мырзағұл Тәжіғұлұлы, Үміт Босманова, Талғат Рысқұлбек бар. Түсірілім барысы шамамен 5 айға созылған деректі фильмді «Алматы» телеарнасының шығармашылық тобы түсірді. Құрамында режиссер Атлан Бұлыбаев, редактор Айдана Шалқарова және продюсер Әйгерім Асқарбай бар.

«Желтоқсан оқиғасының 35 жылдығына орай түсірілген деректі фильмді қарадық. Бұл фильмде көп нәрсе қамтылған екен. Өткенімізді еске алдық. Мемлекет басшысының тапсырмасымен елімізде Желтоқсан оқиғасының 35 жылдығына орай бірқатар шара өткізіліп жатыр. Еліміз гүлденіп, туымыз желбірей берсін!», – деп бөлісті Н.Мұхамеджанова.

Атаулы күнге орай түсірілген фильм көптің көңілін босатып, Желтоқсан оқиғасын еске салды. Бұл туралы Желтоқсан оқиғасына қатысқан желтоқсаншылар жүрекжарды ой-пікірлерін айтты.

Қазақ тарихын, соның ішінде 1986 жылғы оқиғаларды ұлықтау шаралары аясында Алматыдағы көше «Желтоқсан» деп аталады, оның Республика алаңымен қиылысында «Тәуелсіздік таңы» монументі орналасқан. Ол Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Назарбаевтың бастамасымен құрылған. Алматы көшелеріне Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова, Ербол Сыпатаев сынды батырлардың есімдері берілді.

Рашида ЖЕКЕМБАЕВА,
Ардагерлер үйі бірлестігінің мүшесі:ШЫНАЙЫ ФИЛЬМ
ТҮСІРІЛДІ

Мен қала әкімдігінің Желтоқсан оқиғасына қатысушыларды еске алып, Тәуелсіздіктің қалыптасуына қосқан үлесімді бағалағанына ризамын. Оқиға болған кезде мен 22 жаста едім, Қазақстанға еркіндік берген Желтоқсан көтерілісіне қатыстым. Тәуелсіздік алу әрқайсымыз үшін нағыз жеңіс болды. Баршаныңды мерекемен құттықтағым келеді. Бүгінгі іс-шарадан ерекше әсер алдым. Фильмнің сценарийі шынайы жазылған әрі видеобейнелер бірге көрсетілді.

Рысғұл ЕСЕНҒҰЛОВА,
Желтоқсан оқиғасына қатысушы:ЖҮРЕГІМІЗДІҢ
ТӨРІНЕН ОРЫН
ТАПТЫ

«Желтоқсан – Ел Тәуелсіздігінің бастауы» атты деректі фильмді көріп, басынан аяғына дейін жыладым. Туынды жүрегіміздің төрінен орын тапты. Шебер суреттеп түсірілген фильм екен. 1986 жылы болған оқиға нақты, жан-жақты қамтылып түсірілген. Алдағы уақытта бұдан да басқа дүниелер түсіріліп, жалғасын тапса дейміз. Қазіргі жастардың көзі ашық, көкірегі ояу. Сондықтан Желтоқсан оқиғасын жақсы қабылдайды деп сенемін.

Аяп ЫДЫРЫС,
Желтоқсан оқиғасына қатысушы:КӨЗІМІЗГЕ ЖАС
ОРАЛДЫ...

Фильм өте сәтті шыққан. Желтоқсан оқиғасына байланысты біраз дүниені қамтыған. Сол тұста қолы сынып, жатақханадан шыға алмай, дәрігерге бара алмай жатқан қаншама бала болды! Киноны көріп отырып, соның бәрі көзіме елестеп кетті. Фильм өте әсерлі болды. Мұндай керемет туындылар жас ұрпаққа өте қажет. Мұның өзіндік тәрбиелі мәні бар. Бұл – ұлттық сана-сезімді дамытуға бірден-бір үлес қосатын фильм.

Мұсабек ЖӘНІБЕК,
Желтоқсан оқиғасына қатысушы:ӘЛИЯ МЕН
МӘНШҮКТЕЙ...

Алматыда М.Әуезов атындағы драма театрында актер болып жүргенімде әскерге алып кетті. Қайтып оралған соң театрдағы өмірімді жалғастырдым. 1986 жылы ешкім ойламаған жерден Желтоқсан оқиғасы басталып кетті. Деректі фильм өте жақсы шыққан екен. Көріп отырып, көзіме жас алдым. Себебі, басымнан өткен оқиғаның бәрі көз алдыма келді. Біздің қыздар батыр қыздар ғой. Мен сол кезде алаңнан Әлиялар мен Мәншүктерді көрдім. Жалпы, фильм оқиғаны толықтай ашып көрсетті.



● КІТАП – КӨҢІЛ КІЛТІ

Таңғажайып Талаптан



Әнуарбек
ӘУЕЛБЕК

Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен Қазақстан Жазушылар одағы бір топ ақын-жазушылардың кітаптарын жарыққа шығарды. Руханиятты қолдау іс-шараларының кейінгі жылдары дәстүрге айналып келе жатқаны қуантады. Жарыққа шығып жатқан осы кітаптардың ішіндегі орны бөлек басылымның бірі – «Таңғажайып Талаптан» атты естеліктер кітабы. Онда белгілі жазушы-драматург Талаптан Ахметжан туралы әріптестері жазған естеліктер мен оның өзінің кейбір туындылары топтастырылған. Күні кеше арамызда жүргендей көрінетін Талаптанның дүниеден қайтқанына да он екі жыл зулап өте шығыпты... Адамдар артында ұрпағын қалдыруы мүмкін, жүректен шыққан туындыларын қалдыруы мүмкін. Жазушы-драматург Талаптан Ахметжан болса, осылармен бірге өзінің өзгеше мінезін де қалдырып кетті.



Жан-жағына шуақ шашып тұратын

Өмір. Жол. Тағдыр. Адам мен адамды жолықтыратын да, табыстыратын да, кимай қолтастыратын да осылар болса керек. Жер басып жүрген барша жанның еншісіне тиетін осы үш нәрсе әр адамның өзіндік бейнесін сомдап шығарады. Күні кеше арамызда жүрген Талаптан досымның табиғаты қандай еді? Оны жақын араласып жүрген кісілердің бәрі бірдей тани алды ма? Жазушы Талаптан ды тану, бәлкім, кейінгі күндердің еншісі болар, сол арқылы оның орнын толтыруға да болатын шығар. Ал дос Талаптанның орнын толтыру мүмкін бе? Әй, қайдам... мен бір ғана нәрсені білемін, жаныңа нұр сыйлағандай болып тұратын оның жайдарлы жүзі ешқашан көмескіленбейді. Керісінше, арада уақыт өткен сайын ол ажарланып, шуақтана түседі. Оған менің Талаптан тірі жүргеннің өзінде көзім жеткендей еді.

Көңіліне қылаудай кір түспеген оның таза ниеті адамды өзіне тартып тұратын. Екеуміз егіз қозыдай болып төрт-бес жыл бірге жүрдік. Жұмысқа бірге баратынбыз, бірге істейтінбіз. Кеш қарая жаяулатып-жалпылатып үйге бірге қайтатынбыз. Көбіне, не оның үйіне, не біздің үйге барып түн ұзақ әңгіме-дүкен құрып отырып алатынбыз. Ол кездері екеуміздің жырымыз да, сырмыз да бір еді. Бірге қиналдык, бірге талпындык, бірге тойладык. Алматыдан баспана бұйырар түрі байқалмаған соң, қала шетіндегі ен даладан енші тиіп, жарымаған жалақымызға «жаман» үй салып алдық. Бала-шағаның басы бар, иттен сүйек қарыздар болып жүріп, сол күндердің өзінде күліп өттік.

*Тістегені алдаспап,
Жайдақ мініп жыр-атын.
Үсті-басын шаң басқан
Адасып жүр бір ақын,* –

деп жүрген уақыттар еді ол. Алдында, бірге қызмет істейтін жазушы-журналист досымыз Жүсіпбек Қорғасбектің бір қарындасының үйінде уақытша тұрып жүрген Талаптан жиған-терген бар құрылыс материалдарын Бірінші Алматыдағы соңғы пәтерлердің бірінде тұрып жатқан менің үйіме әкеліп жинастырып жүрген. Екі кештің арасында Асқар Алтай екеуі үлкен көлік жалдап келіп, үшеулеп ақ тер-көк тер болып тиегеніміз есімде.

Алматыдан шыққан бүкіл «б.у» есік-

терезе, ағаш-пағаш – бәрі біздің салған баспаналарымыздың негізін қалап жатты. Бұл кез біз үшін ауыр жылдар болды, біреу білсе, біреу білмейтін «Шаңырақ» біздің ауылымыз болатын. Осынша үлкен қалаға сыймай, айдалада екеуміз ғана тұрып жатқандай әсерде болатынбыз. Бірақ бізге келіп-кетіп жататын достар аз емес еді. Елге танымал ақын-жазушыларға айналған дос-жарандарымыздың әрқайсысы бір келіп кеткеннің өзінде жылдық азық жинап алғандай қуанатынбыз. «Шаңыраққа» біздің дос жігіттеріміз – Қорғанбек Аманжол, Әубәкір Қайран, Зейнолла Абажан, Нұрлан Мәукенұлы, Қайрат Әлімбек, Жаңабек Шағатай, Маралтай Райымбекұлы, Жүсіп Ергалиұлы, тағы басқа өз биік, өз ұстанымдары бар әріптестеріміз қонақ болып келген сайын бір жасап қалушы ек. Өйткені, біздің ауылымызға келетін автобус та, көлік те жоқ еді. «Жазған құлда шаршау жоқ» деп ыңылдап қойып, Талаптан екеуміздің сонау үлкен Алматы каналы жақтан Рысқұлов көшесіне дейін жаяу жүретін кездеріміз еді. Күніне он бес шақырымдай жол жүріп жұмыс істеп жүрсек те, еңсеміз түсіп көрмеппіз. Бірақ кім білсін, жастық жалынымыздың жартысы сол жолдың жиегінде шаңға көміліп қалған да болар. Уақыт көп нәрсені ұрлайды, «там салғанның тамтығы қалмайтыны» тағы бар. Біздің күш-жігеріміздің көбі «Шаңырақтың» шаңымен араласып кеткендей көрінеді. Бірақ тәубашыл жандармыз ғой, кейін Талаптан сол күндердің өзін үлкен сағынышпен айтып, әңгімелеп жүретін.

Оралхан Бөкейдің көмегін көп көрдік

Екеуміз «Қазақ әдебиеті» газетінде жұмыс істеп жүргенімізде, марқұм Оралхан Бөкей көп жағдай жасады. «Әнібарбек (мені осылай атайтын) пен Талаптанға тимендер, іздемендер. Олар үй салып жатыр. Асарға барып, көмектесіп тұрыңдар!» деп қойып, материалдық көмек жаздырып беретін. Тіпті, бірде екеумізге «списаниеге» шығарып, бірінің үстіне бірі тұратын екі-екіден кішкентай шкафтар бергіздіргені бар. «Әй, Талаптан, сендер не бар дейсіңдер, мыналарға кітаптарыңды, киімдеріңді салып қоярсыңдар. Біздің қолдан келетіні әзірге осы ғана» деп қоятын. Редакцияның ескі мүлкі біз үшін үлкен қазына еді, шынында. Екеуміз сол

күні-ақ көлік жалдап, желкеміз кәдімгідей күжірейіп, үйге испан жиһазын апарғандай қуандық.

Сөйтіп жүрген Талаптаныма бір күні қаладан үй беріліп, көшіп кетті. Әрине, қатты қуандық. «Бізге де сенің жолыңды берсін!» деп ырымдап, жаңа үйіне барып Риза мен балаларды құттықтап, мәз болып қалдық. Бірақ барлық қызығымыз Талаптанмен кетіп қалғандай, «Шаңырақ» жым-жырт болды да қалды. Мен үшін әлі де солай болып жүр. Талаптан кеткелі құтымынан айырылғандай, қуыс кеуде жанға айналып қала бергендей болдым. Тіпті, қалаға шығудың өзіне жүрегім дауаламай, жұмысты тастап, жатып алған кездерім де бар еді.

Елу грамм жалғасып бір-біріне,

Ұқсас күндер қол бұлғайды күніге.

Талаптан да көшіп кетіп мен жақтан,

Жалғыздығым жеткелі жүр түбіме, –

деген шумағы бар өлеңдерім сол жылдардың мұңды күндерінің белгісі болып қалды. Талаптан оны кейінірек газеттен оқыған болатын.

Айналайын, Талаптан менің жан-дүниемді жақсы түсінетін. Қашан көрсем, менің жағдайымды көп сұрап, Құдайдан тілек тілеп отыратын. Мен «Хабар» телеарнасында жұмыс істеп жүргенде, Қазақстан Жазушылар одағының жанынан «Әдебиет айдыны» газеті шыға бастайтын болып, мені өзімен бірге қайтадан қызмет етуге шақырған еді. Достың көңілін қалдырғым келмеді. Оның үстіне, «Жазушылар одағы өзінің 70 жылдық мерейтойын атап өткелі жатыр. Бәлкім, үйдің реті де болып қалар» деген сөзі пендешілік үмітімді оятқанын да жасыра алмаймын. Жазушылар одағында қайтадан бірге жүрген соң, арамыз тіпті де үзілмегендей болып кетіп еді. Бірақ көп ұзамай менің қу тірліктің тауқыметімен басқа жаққа ауысып кетуіме тура келді.

Қоштасу оңайға соқпады

Қолыңа қалам ұстап жүрген соң, ішкі сезімдерімді, беймәлім дүниеге зарықтырған сағынышыңды түртпектеп жазып қалғың келетіні бар емес пе. Сондай сәттің бірінде жазылған «Жардың басы» деген қырымды бір топ өлеңдеріммен қосып, Талаптанның электронды поштасына салып жібердім. Көп ұзамай «Әдебиет айдыны» газетінде жіберген өлеңдерім жарыққа шықты. Бірақ өзі туралы жырды газет бетіне бермегенді жөн санаған шығар, ол оның өзінде қалып қойған еді. Бұл өлең кейіннен жарыққа шыққан «Жаныңмен жаз сырынды» атты кітабымда бар.

Ұмытпасам, сәуір айының аяғы ма деймін, қалта телефоным шыр ете қалып, ар жағынан ақын досым Дәулетбек Байтұрсынұлы үн қатты. Хал-жағдайды сұрасқан соң, ол «Төкең сырақаттанып қалып, Совминнің ауруханасында жатыр» деген еді. Менің ойымда ештеңе жоқ. «Төкеңнің көктем келгенде, күз келгенде суықтап қала беретіні бар еді ғой. Дұрыстап емделіп алайын деген шығар, айтқаның жақсы болды. Хал-жағдайын сұрайын» деп, іле-шала Талаптанға қонырау шалдым. Ақжарқын даусы түк болмағандай, үй-ішімнің жағдайын сұрап, жұмысым туралы сұрастырып, біраз әңгімелестік. Мен сөз арасында Дәулетбекке айтқанымызды айтып едім, ол: «Сен дұрыс айтпапсың. «Талаптанның көктем-күзде құс келіп, құс қайтқанда ауырып қалатыны бар еді» деуің керек еді» деп, сөз аяғын күлкіге айналдырып жіберді. Біз ақын Нұржан Қуантайұлы екеуміздің барайын деп жатқанымызды айтып едім, «Мен әне-міне шығайын деп жатырмын, әуре болмай-ақ қойыңдар» деген. Содан кейін онымен тағы бір-екі рет телефон арқылы сөйлестім. «Almaty aqshamy» газетінің электронды поштасына газетіміздің сол кездегі Бас редакторы Қали Сәрсенбайдың айтуымен Талаптан «Мұң» атты әңгімесі мен суреттерін салып жіберген екен, ол сол мезетте газетке шықты.

Одан кейін мен Талаптанмен қоштасуға бір-ақ бардым. Бұл – ауыр қоштасу еді. Оны Қазақстан Жазушылар одағының ғимаратындағы мәңгілік ақтық сапарға шығарып салушылардың арасында аз уақыт қана болдым да, шыдамай жылдам кетіп қалдым. Топырақ салуға бара алмадым... Көңілімді содан бері мың бір мұң басқандай болып жүрмін. Жаныңа жаны жақын адамнан айырылу қиынның қиыны ғой, кеудем қайтадан қаңырап бос қалған сияқты. Ол туралы айта бергім келеді, айта бергім келеді. Біздің бірге жүрген кездерімізден қалған естелік көп қой, шіркін. Ендігі жерде көңілге соны медеу етуден басқа ештеңе қалмағандай. Өмір ғой бұл...

● НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

ТІЛЕКТЕР АҒАШЫ

Шаһарда «Тілектер ағашы» әлеуметтік жобасы басталды. Басты мақсат – мұқтаж отбасылардан шыққан балаларға арналған жаңажылдық тілектерді орындау, ата-аналарына сиқырлы, жаңажылдық көңіл күй қалыптастыруға көмектесу.




– Балалардың қалауы әртүрлі – ойыншықтар, компьютер немесе басқа заттар. Көбінесе бұл арманмен байланысты болуы мүмкін. Виктория есімді балалар үйінің тәрбиеленушісі, мысалы, стюардесса болуды армандады. Оның тілегі өткен жылы орындалды. Қызға арнайы киім кигізіп, нағыз жолсеріктердің қамқорлығымен ол мамандықты «ішінен» көрді. Быыл да бізде мұндай «материалдық емес» тілектер өте көп: аквапаркка саяхат, тауға, Үлкен Алматы каналына сапар және тағы басқалар, – дейді жобаның бастамашысы Диана Камаладин.

Шараға атсалысқысы келетін азаматтар 16 жасқа дейінгі балалардың тілектерін орындай алады, ал даму ерекшеліктері бар балаларда жас шектеулері жоқ. Жоба қатысушылары хоспис пен SOS балалар ауылының балаларының армандарын орындай алады. Сондай-ақ, жақын арада жобаны онлайн-форматқа көшіруге мүмкіндік беретін қосымша іске қосылады екен.

Өтетін орны: акция «Мега Алмата» СОО және Esentai Mall-да басталды.

ДЕБЮТТИК «ҚАШ»

Жақында Айсұлтан Сейітовтің «Қаш» атты дебюттік фильмі экранға шығады. Жас режиссер мен клипмейкер туындысын Qага продакшн-студиясымен бірге түсірді. Суреттің негізгі сюжеттік желісі мен жанры әлі ашылған жоқ. «Қашта» басты рөлді Еркебұлан Дайыров сомдады, сондай-ақ рөлдерді Варвара Шмыкова мен Александр Паль орындады. Картина прокатқа әзірге тек қазақ тілінде шығады.



Күні мен орны: қала кинотеатрларының кестесін қадағалаңыз.

АЙҚЫН МАҚСАТ

Әбілхан Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайының аумағында тұрақты даму мақсатына арналған инсталляция өтеді.



– Қазақстан 2030 жылға қарай ОДМ-ға қол жеткізу бойынша өзіне алған міндеттемелерге қол жеткізу үшін белсенді жұмыс істеуде. Осылайша ҚР Премьер-Министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы тапсырмасы бойынша ҚР Премьер-Министрі орынбасарының төрағалығымен тұрақты даму мақсаты жөніндегі үйлестіру кеңесі құрылды. Инсталляция үш тілде интерактивті форматта 17 мақсаттың әрқайсысы үшін өзектілігін, проблеманы шешу жолдарын сипаттайтын элементтерден тұрады, – дейді ұйымдастырушылар. Арт-нысандарды қазақстандық экодизайнер Әйгерім Ақенова жасаған.

Күні мен уақыты: 8 желтоқсаннан сағат 10.00-ден 17.30-ға дейін.

Өтетін орны: Ә.Қастеев атындағы орталық мемлекеттік мұражай («Көктем-3», 22/1).



НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

ТАЛАНТТЫҢ
ҚЫРЫ КӨП

Aspan Gallery-де Орталық Азияның заманауи суретшісі Бақыт Бубиқанованың «Ғасырларға таланттар бағынады...» атты көрмесі пердесін түрді. Бұл биылғы жылдың төртінші, әрі соңғы көрмесі, ол ортаазиялық суретші-әйелдердің монографикалық экспозицияларының циклін аяқтайды. Бақыт Бубиқанова шығыстың шағын атыра стилінде бірқатар кескіндемелік жұмыстар жасады. Сондай-ақ, көрмеде қонақтарға суретші-оқытушы Молдақұл Нарымбетовке арналған жаңа бейне және монументалды инсталляция көрсетіледі.

Күні: көрме 2022 жылдың 31 қаңтарына дейін жалғасады. Кіру тегін, бірақ карантиндік қауіпсіздік шараларын ескере отырып, алдын ала жазылу қажет.

Өтетін орны: Aspan Gallery (эл-Фараби даңғылы, 140).

ЭКСПЕДИЦИЯ
ІЗІМЕН

ҚР Мемлекеттік орталық музейінде Қазақ ұлттық университетінің археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры, тарих ғылымының кандидаты, «Музеология және Ескерткіштану» ғылыми-зерттеу орталығының басшысы Тәттігүл Қартайдың «Этнографиялық экспедиция күнделігінен» атты көрмесінің ашылуы өтті. Шара аясында автордың «Бөлістаным: экспедициялық зерттеулер» және «Сутаным: экспедициялық зерттеулер» атты екі кітабының тұсаукесері өтеді.

– Фотожәне келушілерді қоршаған табиғатты игерумен, дәстүрлі тұрғын үйді дайындаумен және орнатумен, киіз үй күмбезін безендіру мәдениетімен, шаңырақ және басқа да қызықты фактілермен байланысты қазақ халқының дәстүрлі білімінің жалпы заңдылықтарымен, сондай-ақ аймақтық ерекшеліктерімен және жергілікті ерекшеліктерімен таныстырады, – дейді ұйымдастырушылар.

Күні мен уақыты: 20 желтоқсанға дейін сағат 10.00.–18.00.

Өтетін орны: ҚР Орталық мемлекеттік мұражайы («Самал-1», 44).

МАХАББАТПЕН
ЖАСАЛҒАН

Шаһарда art Bazar өнер жәрменкесі өтуде. Бұл жай ғана оқиға емес, бұл – өнер өзінің көрерменімен сатып алушысымен кездесетін орын, ал суретшілер мен галереялар бір-бірімен және білушілерімен диалог құруға мүмкіндік алады. Көрмеде қонақтар жергілікті суретшілердің ерекше туындыларын сатып алып, ерекше бір нәрсенің иесі бола алады.

Көрме-жәрменке шығармашылықтың түрлі көкжиегін ашады. Мұнда әртүрлі орындаудағы жұмыстар ұсынылады: кескіндеме, графика, фотография, мүсін, сонымен қатар қойылымдар мен шеберлік сыныптары өтеді.

Орны: «Үй» кеңістігі (Бәрібаев көшесі, 36).

Әзірлеген Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.

ЖИЫН

МЕРЕКЕЛІК МАРАПАТТАР ТАБЫСТАДЫ

Рая
ЕСКЕНДІР

Ө.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған салтанатты жиын өтті. Мерекелік жиынға мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, университет ұжымы мен оқу ордасының әр жылдардағы түлектері қатысты.

Осынау табысқа толы 30 жыл ішіндегі еңселі еліміздің ерлікке толы еңбек жолы мен қол жеткізген жетістіктері туралы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев жан-жақты баяндады.

– Тәуелсіздік тойы – бұл мерейлі мереке ғана емес, өткенді саралайтын, болашақты жоспарлайтын сындарлы кезең. Егеменді ел болған еліміз жаңа өркениетке бет бұрды. Елімізде ұлттар тұтастығы мен бірлігі нығайып, жаһандық бейбітшілікті сақтауға үлес қосты. Қазақстан Түркі әлемінің орталығына айналып, әлемдік кеңістіктен орын алды. Осынау тарихи жетістіктердің барлық бастауында Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың өлшеусіз еңбегі тұр, – деген оқу ордасының басшысы Елба-



сының Қазақстан мемлекетінің қалыптасуындағы ерекше еңбегін айрықша атап көрсетті.

Сонымен қатар, оқу ордасының жастар тәрбиесіне ерекше назар аударып, мән беріп отырғанын жеткізді. Тәуелсіздігімізді қас-терлеу тұрғысында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, Елбасы саябағы мен Ғалымдар бағы ашылғанын, айтулы тұлға-

лардың дәріс оқуы тұрақты үрдіске айналғанын мысал етті. Мереке аясында оқытушы-профессорлар мен үздік қызметкерлер «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға сіңірген ерен еңбегі үшін» медалімен және ректордың Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Жиын соңында «Тәуелсіздік – бәрінен қымбат» атты онкүндік қорытындыланып, қонақтар кітап және фотокөрмені тамашалады.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Динара
МҰРАТ

Алматы қаласы әкімдігі Мәдениет басқармасының ұйымдастыруымен Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған «Ұлы дала елі» атты жыр кеші өтті. Фестиваль «Рухани жаңғыру» бағдарламасының ауқымында айқындалған міндеттерді атқаруға арналған. Ұйымдастырушылардың айтуынша, шараның бірден-бір мақсаты – дәстүрлі музыканы қазақ халқының әлемдік өркениетке қосқан ең үлкен үлесі ретінде кеңінен насихаттау.

Қазақтың жыр-термелеріне ежелден ерлік тақырыбы, елінің азаттығы үшін күрескен батырлардың ержүректігі мен қайтпас қайсарлығы арқау болған. Жыраулар маңызды мемлекеттік мәселелермен қатар, отансүйгіштік, адамгершілік, арлылық туралы ой толғаған. Бабалардан жеткен бұл асыл мұраның бүгінгі ізбасарлары, айтулы жыраулар мен жыршылар өнер кешіне арнайы шақыртылған.

Атап айтқанда, жырау Алмас Алматов, Амандық Көмеков, Ақмарал Ноғайбаева, Наурызбек мектебін жалғастырушы – Абай Наурызбек, Елмұра Жаңабегенова, Ұлжан Байбосынова сынды жыр жүйріктері Сыр сұлейлері мен Маңғыстау жыр мектебінің жыр-термелерін қалың көрерменге паш етті.

Кеште Шораяқтың Омарының «Өсиет сөзі», Майлықожаның «Мінәжаты», Тұрмағамбеттің «Өсиеті», Сүйінбайдың «Ақыл-нақылы», Сыпыра жыраудың термесі секілді таңдаулы жырлар орындалды. Кеште Арқа

ҰЛЫ ДАЛА САЗДАРЫ
тыңдарманды тәнті етті

ән мектебінің белгілі өкілі, күміс көмей әнші Ерлан Рысқали Дулат Бабатайұлының «Ақжайлау» мен «Сандықасын» орындап, көнеден жеткен Арқа жыр-терме мектебінің дәстүрін жаңғыртуға өзіндік септігін тигізді.

«Жалпы, қазақ дүниетанымында ақын-жыраулар поэзиясының орны ерекше. Әуезбен айтылатын бұл жырлардың ең басты тақырыбы – елдік мәселесі. Құлаққа жағымды әуезбен айтылған отансүйгіштік тілек-мүдде халық жүрегіне тез жетеді. Ал жыр-термелер – өткеніміздің мәңгілік сарынымен астасқан ғажайып шежіре, ұлы дала жүрегінің дарқан сазы, аяулы арманы», – дейді

кештің модераторы, профессор Алмас Алматов.

Ұрпақтар сабақтастығында өткен мен бүгінді жалғап, құндылықтар ауысып жатқан кезде қазақтың кеше кім болғанын, бүгін кім екенін еске салатын киелі өнердің бірі де бірегейі – жыраулық-жыршылық дәстүр. Сондықтан бұл мұраның жас ізбасарлары «Ұлы дала елі» өнер фестивалінің арнайы қонақтары болды. Соңында Қызылорда мен Маңғыстаудан шақыртылған жас жыршылар өнер көрсетіп, кешті қорытындылады.

Жыр кешін Алматы қаласының тұрғындары мен қонақтарына тегін тамашалау мүмкіндігі берілді.

ТАЗАРҒЫҢ КЕЛСЕ, ТЕАТРҒА БАР

«Қарашаңырақ–2021»

жас режиссерлар қойылымдарына арналды

Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық академиялық драма театрында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған дәстүрлі «Қарашаңырақ–2021» фестивалі өтуде. Шараның мақсаты – театр қызметінің бағыт-бағдарын айқындауға, шығармашылық ізденістерді жүзеге асыруға, актерлік шеберлікті шыңдауға бағдар беру.

«Дәстүрді ардақтау – Серке сынды ұлағатты ұстаздардан үлгі алу деген сөз. Театр өнерінің майталмандарының рухына арналып жасалып жатқан фестиваль жас ұрпаққа үлкен үлгі болары сөзсіз. Театр қоржыны жаңа қойылымдармен толығырақ да салмақты, әдебиет пен өнерге құмар болып

өсіп келе жатқанының дәлелі. Жастар арасында ұйымдастырылған шаралар олардың қиялына қанат бітіріп, білікті маман болуына септігін тигізіп қана қоймай, мәдениетіміздің өркендеуіне жол ашады», – дейді Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Асанәлі Әшімов.

Фестиваль 1995 жылдан бері жыл сайын ұйымдастырылады. Соңғы жылдары театр басшылығы әр фестивальді өмірден өткен сахна саңлақтарының құрметіне арнап жүр. Бұл қазақ өнері хас шеберлерінің рухына тағзым етіп, олардың еңбектерін жас өнерпаздарға үлгі ету мақсатында жүргізілуде.

«Биыл жас режиссерлардың еңбектері бақ сынамақ. Олардың ішінде әлемдік классиктердің аудармалары, әдепкі бағыттан өзгерек, жаңаша стильдегі шығармалары көрермен қауымға ұсынылмақ. Сарапшыларымыз жастардың еңбегін бағалап, таланттар топ жарайды деген сенімдеміз», – дейді М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық

академиялық драма театрының директоры Еркін Жуасбек.

Дәстүрлі додаға түскен қойылымдар көшін Олжас Жанайдаровтың «Екеуіміз» драмасы бастап, көрермендерді бір серпілтіп тастады. «Сыңға түсіп жатқан «Пері қатын» спектаклінің премьерасын Германиядан оралған белгілі режиссер, неміс драматургиясының білгірі марқұм Болат Атабаев ағамыз тамашалап, өз бағасын берген еді. Менің ойымша, біз әр халықтың мәдениетін, салт-санасын театр өнері арқылы көрсетуге тиіспіз. Әр адамның өз талғамы, таным-түйсігі болатындай, қойылымдар мен спектакльдерде де өзгешелік болуы керек», – дейді М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық академиялық драма театрының режиссері Елік Нұрсұлтан.

Жоғары руханиятты орнықтыруға ұмтылуды, сахна өнерінің қоғамға әсер-ықпалын арттыру мен дәстүрлі ұлттық құндылықтарымызды жаңғырта түсу арқылы жас ұрпақты ізгілік идеяларына тәрбиелеуді көздейтін фестиваль аясында Шәкен Айманов, Елубай Өмірзақов, Қапан Бадыров, Таңат Жайлыбаевтардың шығармашылық ғұмырына арналған арнайы көрме көрсетілді.

Фестиваль барысында қазылар алқасы номинациялар бойынша үздіктерді анықтайды.



КӘСІПҚОЙ БОКС

Фалькао күтеді



Халықаралық бокс федерациясы (IBF) барлық салмақтағы рейтингін жаңартты.

Геннадий Головкин (41-1-1, 36 KO) чемпион болып тұрған орта салмақта өзгерістер бар. Қазан айында ғана бірінші және екінші орын бос еді, ал енді тізімдегі бірінші орынға Эскива Фалькао (29-0, 20 KO) көтерілді.

Бұл – бразилиялықтың GGG-ге міндетті қарсылас атанғанының ресми белгісі. Фалькаоның өзі де Головкинмен кездесуден қаймықпайтынын айтып, «мені күт» дегенге саятын хабарламасын да қалдырып үлгерді.

Ал екінші орын сол күйі бос қалды, үшінші орында германиялық Патрик Войццки (15-0-1, 6 KO) өзгеріссіз тұр. Айта кетейік, IBF рейтингінің топ-10 тізімінде Жәнібек Әлімханұлы (11-0, 7 KO) да бар.

Дегенмен, Головкин дәл қазір Фалькаоға қайырыла қояды деуге болмайды. Ол Риото Муратамен кейінге қалдырылған кездесуді 2022 жылдың көктемінде өткізеді. Одан кейін Канеломен трилогия соңы немесе тағы да біріктірілген жекпе-жек өткізуі мүмкін.

МАРАПАТ

Жыл үздіктері анықталды

12 желтоқсан күні Ұлттық олимпиадалық комитет жылдың спорттық оқиғаларын қорытындылады.

Елордадағы Конгресс орталықта Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Altyn Samғау–2021» Ұлттық спорттық жұлдесін салтанатты түрде табыстау рәсімі өтті. Пандемияға байланысты шектеулерге орай, салтанатты шара еліміздің үш қаласында бір мезгілде өтті. Шараның негізгі бөлігі Нұр-Сұлтанда ұйымдастырылса, Алматы мен Түркістанда жасақталған арнайы студиядан онлайн көрсетілім жүргізілді. Бұл үміткерлер мен қонақтардың қауіпсіздігі үшін маңызды екенін айта кеткен жөн.

Көптеген аталым бойынша үздіктерді жанкүйерлер таңдады. 22 қараша мен 6 желтоқсан аралығында олар өздерінің сүйікті спортшыларын olympic.kz сайтында дауыс беру арқылы анықтады. «Үздік спортшы» және «Үздік спортшы қыз» аталымында қысқы және жазғы спорт түрлерінен төрт жеңімпаз таңдалды. Токио олимпиадасының қола жүлдегері әрі әлем чемпионы Сәкен Бибосынов, қаратәден Токио олимпиадасының және әлем чемпионатының қола жүлдегері Софья Берульцева, сондай-ақ, шорт-тректен әлем кубогі кезеңдерінің жүлдегері Денис Никиша мен фристайл-могулдан әлем чемпионатының жүлдегері Юлия Галышева жүлде иегері атанды.

Үздік жаттықтырушы атағына Мырзағали Айтжанов (бокстан Қазақстан командасының аға бапкері және Сәкен Бибосыновтың жеке жаттықтырушысы) және Мәдіғали Қарсыбеков (шорт-тректен Қазақстан командасының бас бапкері) жазғы және қысқы спорт түрлері бойынша лайық деп танылды.

«Жылдың үздік командасы» атағын футболдан Қазақстан құрамасы еншіледі. Биыл футболшылар әлем чемпионатының жартылай финалына шығып, төртінші орынға табан тіреді. «Жыл жаңалығы» аталымында Токио олимпиадасының



қатысушысы әрі әлем чемпионатының қола жүлдегері Нұрқанат Әжіканов топ жарды. Ол әлем чемпионатындағы командалық сында да қола жеңіп алған еді.

«Үздік аймақ» аталымында Алматы қаласы Алматы облысын бір ұпай басымдығымен ұтып, жеңіске жетті. «Үздік ұлттық спорттық федерация» аталымында Қазақстан теннис федерациясы топ жарды. Паралимпиадалық спорт түрлері бойынша үздік спортшы атағы пауэрлифтингтен Токио паралимпиадасының жеңімпазы Давид Дегтаровқа берілді. Паралимпиадалық спорт түрлері бойынша үздік жаттықтырушы атағына парадзюдодан Қазақстан командасының бас бапкері Жандос Қиянов лайық деп танылды. Оның үш шәкірті – Әнуар Сариев, Дәулет Теміржанов және Зарина Байбатина Токио–2020 паралимпиадасында үш күміс медаль жеңіп алды.

«Спорттық медицина бойынша үздік маман» атағы дәрігер Азамат Нұрматовқа берілді. Ол Токио олимпиадасында медициналық штабтың бас дәрігері ретінде жұмыс істеді, сондай-ақ олимпиадаға дайындық кезінде спортшылардың қауіпсіздігін сақтау жөніндегі топтың құрамында болды. Ұлттық Олимпиадалық комитеттің арнайы дәстүрлі жүлдесі – «Қазақстан спортының мақтаны-

шы» отандық спорттың дамуына өлшеусіз үлес қосып, болашақ чемпиондарға үлгі атанған спортшылар мен қайраткерлерге табысталады. Биыл бұл жүлде грек-рим күресінен Олимпиада чемпионы, 1981 жылғы әлем чемпионы, КСРО-ның еңбек сіңірген спорт шебері және Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Жақсылық Үшкемпіровке берілді. Жұлдені даңқты қазақ балуанының ұлы, бүгінде әкесінің атындағы спорттық кешенді басқарып отырған Жандос Үшкемпіров алды.

Әдеттегідей, жұлдені табыстау рәсімі танымал спортшылар мен даңқты спорт ардагерлеріне, Қазақстанның танымал мемлекет және қоғам қайраткерлеріне берілді. Сахнаға Ольга Рыпакова, Дмитрий Баландин, Серік Сәпиев, Юрий Мельниченко, Ольга Шишигина, Әлия Юсупова көтерілді. Олармен бірге жұлдені архитектор, Қазақстанның мемлекеттік Елтаңбасының авторы Жандарбек Мәлібеков, QazVac вакцинасын жасаушы, «Биологиялық қауіпсіздік мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу институтының» бас директоры Күнсұлу Закарья, актриса, Канн кинофестивалінің жүлдегері Самал Есләмвалар табыстады. Бұл туралы olympic.kz порталы хабарлады.

ФУТБОЛ

«Қайрат» пен «Астана»: өзгеріс қазірден көп

«Қайрат» командасы өткен аптада сырт алаңда «Омониямен» тең ойнап (0:0), Конференция лигасын да, жылды да қорытындылады.

Биыл алматылықтар жақсы өнер көрсеткенмен, негізгі екі биікті бағындыра алмады. Әуелі чемпиондық атағын қорғай алмай, премьер-лигада үшінші орынға тұрақтаса, Конференция лигасында екі ұпай ғана жинап, топтағы соңғы орында қалды.

Жаңа маусым қарсаңында «Қайрат» сапында үлкен өзгерістер болатыны байқалып отыр. Келісім-шарт мерзімі бітпесе де, өзара келісім нәтижесінде Дино Миканович, Раде Дугалич және Небойша Косович командадан кетті. Ал Вагнер Лав алматылықтармен желтоқсанның басында қоштасқанын білеміз. Армения құрамасының ойыншысы Камо Оганесян да енді Ресей премьер-лигасына жол тартатыны белгілі. Әзірше жаңа футболшылар туралы

ақпарат жоқ. Алдағы жылы «Қайраттың» бюджеті 40 пайыз қысқарады деген сыбыс біраз тарап кетті.

Ал «Астана» бұған дейін Антонио Рукавина (Сербия) және Тигран Барсеян (Армения) сияқты ойыншылармен қош айтысса, енді Педро Эуженио, Валерий Чуперка, Энео Битри, Лука Шимунович, Энрике Лопес сияқты шетелдік футболшылармен келісім-шарт ұзартпайтыны белгілі болды. Сондай-ақ, Қазақстан құрамасының қақпашысы Дмитрий Непогодов та басқа команда іздемек.

«Астана» бас бапкер мәселесін шешті. 2022 жылы команда тізгінін серб маманы Сржан Благович ұстайды. Благович екі жыл «Каспийді» жаттықтырып, білікті маман екенін танытты. Әзірше елордалық клуб та жаңа ойыншылар шақырған жоқ. Қазақстан құрамасының футболшысы Аслан Дарабаевқа қызығушылық бар сияқты, бірақ бұл ақпарат та нақты емес.



БОКС



Астаналық боксшы қыздар мықты

Бокстан Шучинск қаласында өткен әйелдер арасындағы ел біріншілігі мәреге жетті.

Биыл біріншілік алғаш рет 12 салмақ дәрежесінде өтті. Қараша айында қыздар арасындағы әлем чемпионаты Ыстамбұл (Түркия) қаласында өтуге тиіс еді. Бірақ пандемия салдарынан бұл дода мүлде шегерілді. Сондықтан Қазақстан біріншілігіне осы жолы үздіктердің барлығы да қатысты деуге болады.

Чемпионат қорытындысында Алуа Балқыбекова (48 келі, Алматы қаласы), Назым Қызайбай (50 келі, Алматы қаласы), Жайна Шекербекова (52 келі, Шымкент қаласы), Дина Жоламан (54 келі, Ақмола облысы), Карина Ибрагимова (57 келі, Ақмола облысы), Римма Волосенко (60

келі, Нұр-Сұлтан қаласы), Аида Әбікеева (63 келі, Нұр-Сұлтан қаласы), Дариға Шәкімова (66 келі, Алматы қаласы), Валентина Хальзова (70 келі, Нұр-Сұлтан қаласы), Надежда Рябец (75 келі, Қостанай облысы), Фариза Шолтай (81 келі, Шымкент қаласы), Дина Исламбекова (+81 келі, Шымкент қаласы) өз салмақтарының жеңімпазы атанды.

Жалпыкомандалық есепте Нұр-Сұлтан қаласының боксшылары топ жарды. Олар 3 алтын, 3 күміс және 2 қола жүлде еншіледі. Екінші және үшінші орындарда – Алматы және Шымкент қаласының құрамалары.

**Бетті дайындаған
Естен САБАЛАҚ.**



ГАЗ ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ:

- пешті пайдалануға балаларды және өз ісіне жауап бере алмайтын, пешті пайдалану ережелерін білмейтін өзге адамдарды жақындатуға
- пеш қондырғыларына өз еркімен өзгеріс енгізуге және жөндеуге
- бекітілген ішкі тартуға клапан батырмасына күштеп тартуға, себебі бұл қауіпсіздік автоматикасын істен шығарып, қайғылы оқиғаларға себеп болады
- газ плиталарын үйді жылыту үшін қолдануға
- желкөз және желдеткіш қаналарды жабық тұрған кезде, қалаған кірпіштердің тұтастығы бұзылғанда, сылақ жарылғанда және мұржадан түтін тартылғанда пештерді пайдалануға
- газ жабдықтары орнатылған бөлмелерде ұйықтауға және демалуға
- жанарғыны өз еркімен бұзып, қайта орнатуға
- қолдан жасалған пештерді өз күшімен орнатуға, пайдалануға

Газ тұтыну жабдықтарын пайдалану кезінде газдан ажырату автоматикасымен табиғи және тұншықтырғыш газдың шығуын сезетін сигнал берушілерді орнатыңыздар.



ӨТКЕН ЖЫЛҒЫ МАУСЫМЫНДА
153 АДАМ ЗАРДАП ШЕКТІ
50 АДАМ ҚАЙТЫС БОЛДЫ

ЕСТЕН ШЫҒАРМАҢЫЗДАР!

Жарылыс немесе өртке себеп болған газ жабдықтарын пайдаланудың қауіпсіздік ережелерін сақтамау іс барысындағы таң бойынша жауапкершілікке тартуға негіз болады!

ПӘТЕРДЕ ГАЗ ИІСІ СЕЗІЛСЕ:

1. Жедел түрде барлық газ қрандарын жабу керек.
2. Бөлмені желдету керек.
3. Ашық отты, электр құралдарын пайдалануға тыйым салынады.
4. 104 телефоны бойынша апат қызметін шақыру керек.

ТҮНШЫҚТЫРҒЫШ ГАЗБЕН УЛАНУ БЕЛГІЛЕРІ (СО көлемі)

0,00% Жөңіл

Бас ауру, түншығу, бас айналу, кеуденің ауруы, құрғақ жөтел, жүректің айнуы, құсу, түрлі елестер, қан қысымының көтерілуі



– Дәрігер шақыру

– Дәрігер келгенге дейін, Жөңіл ұланған жағдайда мүсәтір спиртін иісетіңіз, кофе немесе қызыл шай ішіңіз керек.

– Ұланған жағдайда далаға шығару керек. Еркін тыныстауға кеңесіңіз, киімді шешіңіз, жайлы жерге жатыңыз керек. Қажет болса қолдан дем алдыру қажет

0,32% аяулы

Орташа

Қозғалудың қиындауы, естен тану

1,2% жоғары

Ауыр

Ауа жұтқаннан кейін естен тану, сіңірдің тартылуы, тыныс алудың бұзылуы (адам 3 минутқа жетпей көз жұмады)



ГАЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТЕЛЕФОНЫ

104

ҚазТрансГаз

ІЛТИПАТ

Білікті маманның бағасы

Алматылық дәрігер Рысқұл Малыбекқызы шаһар іргесіндегі Алматы облысының тау бөктерінде өмірге келген. Сол тұстағы көп замандастары секілді ол да арман қуып Алматыға келген болатын. Алматы оны жатсынған жоқ, құшағын ашты.

Бала күнгі арманына жету үшін медициналық училищеде оқып, оны үздік бітіріп, «медбике» мамандығын алып шығады. Училищені бітірген соң Алматы қаласының медициналық мекемелерінде мамандығы бойынша жұмыс істей бастайды. Күндердің күнінде профессор Райхан Баймұхамедованың жетекшілігіндегі Алматы қалалық Ревматология орталығына орналасады. Осындай іргелі ұжымда, білікті мамандармен қоян-қолтық жұмыс істей жүріп, көрген-білгенін кеудесіне токи жүріп, дәрігер-ревматолог болуды армандайды. Және сол мақсатына жетті де. Рысқұл Малыбекқызы сол сала бойынша жоғары білім алып шығып, қалалық Ревматология орталығына дәрігер болып бекітіледі.

Бүгінде ол еңбекқорлығының,

біліктілігінің, кең жүрегінің арқасында республикадағы жетекші ревматологтар сапына кірді. Сөйтіп, алтын емес, алғыс арқап жүрген ақ халатты абзал жан атанды.

Рысқұл Малыбекқызының мамандығына деген адалдығы мен сүйіспеншілігі Алматы қаласы әкімдігінің Алғыс грамоталарымен марапатталған. Ұлттық Медициналық ассоциациясының «Мамандығына адалдығы үшін» төсбелгісі де кеудесінде жарқырап тұр.

Әріптестері Рысқұл Малыбекқызының мамандығынан бөлек, көпшілігін, тамаша ұйымдастырушылық қабілетін де ерекше бағалайды. Ревматология аурулары орталығында, яғни ұжымда қандай да бір іс-шара өткізу керек болса, бәрі міндетті түрде Рысқұл Малыбекқызын іздейді. Білікті маман қай жерге де керек.

Біз аяулы әріптесіміз Рысқұл Малыбекқызын мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз. Оған мықты денсаулық, ұзақ өмір, бақыт және табыстар тілейміз.

«Ревматология аурулары орталығы» ЖШС-нің ұжымы.

ОҚЫРМАНҒА ҚҰЛАҚҚАҒЫС

Жазыл да, ұтып ал!

Құрметті оқырман!

2022 жылға баспасөзге жазылу жүріп жатыр. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға бір жылға жазылу керек.

2021 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектердің көшірмесін «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгісі бар конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61 немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, тел.: 261-59-11

2022 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге. ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Тек бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2022 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2022 жылдың 3 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:

8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

«Сары-Арка Строй Проект» ЖШС-нің мөрі жарамсыз деп табылсын. БИН 180140017746.

БАЙҚАУ

Желтоқсан оқиғасының 35 жылдығына арналған ескерткіштің үздік жобасына ашық конкурстың БАҒДАРЛАМАСЫ ЖӘНЕ ШАРТТАРЫ

1. Байқаудың мақсаттары

Қазақстан Республикасында тұрғызылып жатқан ескерткіштер мен монументтер жөніндегі мемлекеттік комиссияға ұсыныс енгізу үшін көркем-сәулет және мүсіндік композиция жасау жолымен Қазақстан тарихындағы маңызды оқиға – 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына арналған ескерткіштің ең үздік тұжырымдамалық мүсіндік-көркемдік шешімі айқындалсын.

1. Конкурстың бағдарламасы

Желтоқсан оқиғасының 35 жылдығына арналған «Желтоқсан» ескерткіші – 1986 жылғы болған, Қазақстан тарихында түбегейлі бетбұрыс, жаңа, тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуының басы болған оқиғалардың барлық маңыздылығы мен драматизмін бейнелеуі тиіс. Оқиғаларды бейнелейтін образдар Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі үшін күрескен оның қатысушыларының жастығын, оқиғаның тарихилығын көрсетуі керек.

Ескерткіш қойылатын орынның архитектуралық және ландшафттық ерекшелігімен үйлесуі керек.

Жобада берік материалдар (мәрмәр, гранит, қола және т.б.) пайдаланылуы тиіс.

Орнаылатын орны – Алматы қаласы, Түркістан ауданы, «Жас қанат» шағынауданы, «Желтоқсан» саябағы.

1. Конкурстың шарттары

Конкурсқа барлық қалаушылар, сондай-ақ авторлық ұжымдар қатыса алады. Конкурстың өткізілуі: 2021 жылғы 15 желтоқсан мен 2022 жылғы 15 ақпан аралығы. Жобалар 2022 жылдың 15 ақпаннан кешіктірмей мына мекенжайға: 050000, Алматы қаласы, Республика алаңы, 4, Алматы қаласы Мәдениет басқармасы, №444 кабинетке тапсырылады.

Басқа қалалардағы авторлар жобаларды белгіленген мерзімнен кешіктірмей пошталық түбіртек нөмірін алдын ала хабарлай отырып, Алматы қаласы Мәдениет басқармасының мекенжайына жібереді.

Конкурсқа жобалары алты таңбалы санмен белгіленген ұранмен ұсынылады. Ұран конкурсқа ұсынылған жоба материалының, сондай-ақ конверттің жоғарғы оң жақ бұрышында жазылады (биіктігі 1 см.). Желімделген ұрандық конвертте авторының аты-жөні мен мекенжайы көрсетілген ақпараттық парақ салынады.

Қысқаша түсініктеме жазба ескерткіштің көркемдік шешімі мен кеңістікті ұйымдастыру қағидалары және негізгі идеясы мазмұндалған №14 өлшемді «Times New Roman» қарпімен бірінші жол аралығымен басылған 2 парақтан аспайтын мәтіннен тұратын 2 данада ұсынылады.

Конкурс қорытындысы бойынша Алматы қаласының Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі комиссиясы шешім қабылдайды.

Конкурс шарттары сақталмай ұсынылған жобалар конкурсқа жіберілмейді және Комиссияда қаралмайды.

2. Конкурстың жоба ұсыныстарының құрамы және ұсынылатын материалдарды ресімдеуге қойылатын талаптар:

1. Ескерткіш (мүсіндік туынды) эскизі масштаб 1:10
2. Бас жоспар (схемалық жоспар) масштаб 1:200
3. Ескерткіш (мүсіндік туынды) 2 фасады, 1 перспективасы масштаб 1:20
4. Түсініктеме жазба

Жобалар 60x80 см. көлемдегі планшетте беріледі. Графикалық орындау әдістері макеттің түсі, техникасы және материалы авторлардың қалауы бойынша орындалады.

Қосымша ақпараттар пен анықтамаларды **8 (727) 272-11-09** телефоны арқылы алуға болады.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*

* *бизнесіңіз мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*

* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

«Almaty aqshamy» газетіне ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін.

«Almaty aqshamy»

Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB–редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanyshe@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса «Қазпошта»
АҚ Алматы почтамтына:
261-59-11, 259-88-99 (ішкі
0318) телефондары арқылы
хабарласыңыз



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Рая ЕСКЕНДІР**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80ВР000026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табак.



«ВЕЧЕРНИЙ АЛМАТЫ» ГАЗЕТИНЕ – 85 ЖЫЛ!

Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Алматыда ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және «Вечерний Алматы» газетінің 85 жылдық мерейтойына орай республикалық бұқаралық ақпарат құралдары арасында бильярдтан турнир өтті.

Аламан жарысты «Вечерний Алматы» және «Almaty aqshamy» газеттерінің шығарушысы «Alatau Aqparat» медиа-холдингі ұйымдастырды. Бас демеуші – Қазақстан Республикасы Құрылыс салаларының Одағы. Додаға БСФ бас төрешісі, халықаралық дәрежедегі төреші Роман Бузурходжасев бастаған Қазақстан Республикасы бильярд спорты федерациясының төрешілер алқасы төрелік жасады.

Байқауға түрлі телеарналардың, мерзімді басылымдар мен ақпараттық агенттіктердің 32 өкілі қатысты. Бұл күні корреспонденттер, репортерлар, редакторлар, операторлар – бір сөзбен айтқанда, барлық қалам иелері мен таспагерлер микрофон мен диктофонын бильярд тастаяғына алмастырды. Турнир шымылдығы мемлекеттік Әнұранмен ашылып, турнир демеушілері мен ардагер журналистер қатысушыларға бата-тілектерін білдіріп, сәттілік тіледі.

– Бұл шара БАҚ өкілдері арасында аламан жарысты ұйымдастырып қана қоймай, ұзақ уақыт орын алған пандемиядан кейін адамдардың бір-бірімен араласып, танысуына жағдай жасайды. Жалпы, «Вечерний Алматы» газеті – қаланың шаруашылығы мен өмір тынысын жазып келе жатқан тарихы терең газеттердің бірі. Міне, биыл 85 жылдық мерейтойы төл Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығымен бірге тойланғалы отыр. Бұл – республикалық деңгейде атап өтілетін шара, – деді «Almaty aqshamy» газеті Бас редакторының орынбасары Ә.Әуелбек.

«Вечерний Алматы» газеті Бас редакторының орынбасары Михаил Буренковтың айтуынша, бұл турнирді ұйымдастыру екі жылға созылған карантиннен кейін алғаш рет орын алып жатқандықтан біраз қиынға соққан:

– Ең бастысы, бұл – бүгінгі таңда өткізіліп жатқан алғашқы турнирлердің бірі. Екі жыл бойы біз карантинде отырдық. Сондықтан қиындықтар болғаны рас. Турнир қатысушылардың бір-бірімен жүздесіп, сағыныштарын басып, шүйіркелесуіне себепкер болды деп ойлаймын. Қалыпты өмірге оралып, Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мен



Тастаяқтан таласты тартыс

Жаңа жылды жақсылап қарсы алу үшін барлығымыз вакцина алып, сау жүргеніміз дұрыс, – деді М.Буренков.

Келесі сөз кезегін алған турнирдің бас демеушісі – Қазақстан Құрылыс салаларының Одағы басқармасының төрағасы, қалалық мәслихат депутаты, Nur Otan партиясы фракциясының мүшесі Ералы Сауранбаев: «Биыл елеулі қос мерекені қатар тойлағалы отырмыз», – деді.

– Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мерейтойына тұспа-тұс келіп отырған «Вечерний Алматы» газетінің 85 жылдығын атап өту – ерекше жағдай. Біздің мамандығымыз құрылыс саласымен ғана шектелмей, БАҚ өкіл-

дерімен кәсібилігіміз спортта бірлесіп жатыр. Бүгінгі додада ең мықты ғана топ жаратынын ұмытпайық, – деді Е.Сауранбаев.

Жарыс бірнеше турдан тұрды. Кіл мықтының ішінен ең мықтыны анықтау оңайға соққан жоқ. Қатысушылардың қарқыны финалға дейін бәсеңдемеді.

8 сағатқа созылған тартысты додада «Еуразия бірінші арнасының» шеф-редакторы Меймеш Үмбетәлі топ жарып, оқ бойы оза шықты.

2-орын «Alatau Aqparat» медиа-холдингі Бас директорының орынбасары Нұржан Шынтаевқа бұйырды.

Үздік үштікті «Алматы» телеарнасының операторы Мұратбек Алмасхан толықтырды.

Турнир соңында жеңімпаздарға «Вечерний Алматы» және «Almaty aqshamy» газеттерінің атынан арнайы сыйлықтар табысталды.

Сондай-ақ, додаға белсенді қатысқан «Время» күнделікті газетінің редакторы Феликс Ғабитов және «Алматы» телеарнасы контент өндірісі департаментінің директоры Алмат Әбдіраман ынталандыру сыйлықтарымен марапатталды. Тастаяқ тарландарына сыйлықтар табыстауды Қазақстан Құрылыс салаларының Одағы басқармасының, ҚР БСФ және «Мост» бильярд клубының арнайы сыйлықтары жалғастырды. Арнайы кәдесый «Жас қазақ» газетінің тілшісі Ерғали Бақаш, «Матрица.kz» порталының редакторы Серік Мәмбетов және «Караван» газетінің менеджері Руслан Разямовқа берілді.

Медиахолдингінің коммерциялық директоры Қуаныш Дюскалиев доданың бас демеушісі – Қазақстан Құрылыс салаларының Одағы басқармасына және ҚР БСФ мен «Мост» бильярд клубына Алғыс хат пен естелік сыйлықтар ұсынды. Турнирдің барлық қатысушылары да шара ұйымдастырушылары тарапынан «Вечерний Алматы» газетінің сыйлықтарынан құр қалмады. БАҚ өкілдері арасында өткізілген турнир болашақта жалғасын табады деген үміттеміз.

Айта кетерлік жайт, «Вечерний Алматы» газетінің алғашқы саны 1936 жылы 28 сәуірде жарық көрді. Қазір оның таралымы 36 мың дананы құрайды.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

ИНДЕТПЕН КҮРЕС

Ревакциналау тактикасы өзгерді



ҚР Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой Үкімет отырысында халықты ревакциналау тактикасы өзгергенін мәлімдеді.

«Әлемде қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайды

ескере отырып, иммундау жөніндегі ұлттық консультативтік комиссия халықты қайта вакциналау тактикасын қайта қарады. Осылайша 8 желтоқсаннан бастап 6 айдан кейін вакциналауды екі дозамен аяқтаған барлық адам, сондай-ақ коронавирус инфекциясымен ауырған адамдар да қайта вакциналауға жатады. Бүгінгі күні ревакцинамен 44 702 адам қамтылды», – деді министр.

Оның айтуынша, Денсаулық сақтау министрлігі коронавирус инфекциясы штамдарының айналымдағы нұсқаларының мониторингін тұрақты негізде жүргізіп келеді. «Мәселен, «омикрон» штамының пайда болғанын ескеріп, Алматы қаласында аталған штамм нұсқасына тән мутацияның болуына алдын ала ПТР скринингі

жүргізілді. «Омикрон» штамының нұсқасы айналымы анықталған жоқ. Қазақстанның барлық өңірінде іріктелген оң сынамалардың үлгілерін толық геномдық тұрғыдан тексеру жалғасуда», – деді А.Цой.

ҚР Бас санитар-дәрігері Ерлан Қиясовтың ревакциналау мәселесін айқындайтын жаңа қаулысы шықты.

Жаңа қаулы бойынша Қазақстан аумағында 3 айдан артық тұрып жатқан, вакцинаның толық курсы алған шетелдіктер де ревакциналаудан өтуі керек. Олар да алғашқы вакцинаның толық компонентін алған күннен 6 ай өткенде қайта вакциналауға жатады. Сондай-ақ, бұрын коронавирусқа қарсы вакцинаның бастапқы курсы алған жүкті әйелдерді ревакциналау жүктіліктің 16–37 аптасы кезеңінде «Комирнати» (Pfizer, АҚШ) вакцинасын пайдалана отырып жүргізілетіні айтылған. «КВИ-ге қарсы вакцинаның бастапқы курсы толық алған КВИ-мен ауырып жазылған адамдарды КВИ-ге қарсы ревакциналау сауыққаннан кейін 6 айдан кейін жүргізіледі», – деп жазылған Бас санитар қаулысында.

Қазақстанда вакциналау паспорты жарамды елдер тізімі кеңейтілді.

Бүгінде азаматтардың Аргентинада, Мажарстанда, Грузияда, Иран Ислам Республикасында, Иорданияда, Канадада, Қырғызстанда, Мальдив Республикасында, Моңғолияда, Арменияда, Беларусь Республикасында, Молдовада, Перуде, Сан-Маринода, Сербияда, Тунисте, Үндістанда, Филиппинде, Таиландта, Түркияда, Черногорияда, Чех Республикасында, Эстонияда және Жапонияда берілген КВИ-ге қарсы вакциналау паспорты (сертификаты) анықтамалары Қазақстан Республикасының аумағында жарамды.

Нұр ЖАМАЛ.